# Қазақстан Республикасында кедейлікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 наурыздағы N 296 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында кедейлікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар Бағдарламада көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін және есепті жарты жылдан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей жарты жылда бір рет Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне олардың іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.09.29. N 992 қаулысымен .

3. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі есепті жарты жылдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей жарты жылда бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.09.29. N 992 қаулысымен .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Г.А.Марченкоға жүктелсін.<*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.03.04. N 272 қаулысымен .

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 наурыздағы N 296 қаулысымен бекітілген

# Қазақстан Республикасында кедейлікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарлама

Астана, 2003 ж.

## Бағдарламаның паспорты

| | |
|---|---|
| Атауы | Қазақстан Республикасында кедейлікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарлама |
| Әзірлеу үшін негіздеме | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 5.7.1-тармағы |
| Негізгі әзірлеуші | Азия Даму Банкінің және Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму Бағдарламасының (БҰҮДБ) техникалық көмегімен Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, министрліктер мен агенттіктер |
| Мақсаты | Ел халқының тұрмыс деңгейіне ықпал ететін негізгі экономикалық және әлеуметтік факторларды жақсарту жөніндегі шаралар кешенін іске асыру есебінен кедейлік деңгейін төмендету |
| Міндеттері | Бағдарламаның мақсатын іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:<br>- жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау;<br>- қосымша жұмыс орындарын құру, қоғамдық жұмыстарды, жұмыссыздардың кәсіптік оқуын, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды ұйымдастыру есебінен еңбек рыногында белсенді шараларды одан әрі дамыту және жетілдіру;<br>- денсаулық сақтау, білім беру және инфрақұрылым қызметтерін көрсетудің тиімділігі мен қол жетімділігін арттыру;<br>- халықтың әлеуметтік осал топтарына атаулы әлеуметтік көмек көрсету тетіктерін жетілдіру;<br>- елде кедейлікті төмендетуде мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру;<br>- кедейлік мәселесін шешу үшін қоғамның барлық институттарының: мемлекеттік органдардың, кәсіби одақтардың, жеке сектордың және үкіметтік емес ұйымдардың, оның ішінде кедей халықтың мүддесін |

| | |
|---|---|
| | білдіретін бірлестіктердің қатысуы мен өзара қарым-қатынасын жандандыру. |
| Қаржыландыру көздері | Бағдарлама кешенді сипатта, сондықтан Қазақстанда 2003-2005 жылдары кедейлікті азайтуға жұмсалатын негізгі қаражат экономиканың тиісті салаларында кедейлікті азайту мәселелерін шешетін қолданылып жүрген және әзірленіп жатқан мемлекеттік және салалық бағдарламалар шеңберінде көзделетін болады. Сонымен бірге халықаралық ұйымдар мен донор елдердің көмегін тарту көзделуде. |
| Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер | Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесін 2005 жылы 2002 жылмен салыстырғанда төрттен бірге және кедейлік шегінен төмен тұратын халықтың үлесін 48,8%-ға төмендету, халықтың жан басына шаққанда ЖІӨ көлемінің 2002 жылғы 1631 АҚШ долларынан 2005 жылы 2028 АҚШ долларына өсуін қамтамасыз ету, сондай-ақ жұмыссыздық деңгейін 2002 жылғы 9,4%-дан 2005 жылы 8,1%-ға дейін төмендету. |
| Іске асыру мерзімі | 2003-2005 жылдар |

## КІРІСПЕ

Елдің қазіргі даму кезеңінде халықтың кедейлік деңгейін төмендету жөніндегі шараларды іске асыру мемлекеттің әлеуметтік саясатындағы аса маңызды бағыттардың біріне айналып отыр.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 маусымдағы N 833 қаулысымен бекітілген Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі 2000-2002 жылдарға арналған бағдарлама осы міндетті шешуге бағытталған Қазақстандағы алғашқы бағдарламалық құжат болып табылады. Бұл Бағдарлама қоғамның қазіргі даму кезеңіне тән өзекті проблемалар мен басымдықтарды ескере отырып жасалған және жұмыспен қамтудың және табысы аз азаматтарға атаулы көмек көрсетудің белсенді саясатын жүргізуге бағытталған.

Қолданыстағы Бағдарламаны, сондай-ақ кедейлердің жағдайын жақсартуға тікелей немесе жанама түрде байланысты басқа да мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыру барысында белгілі бір оң нәтижелерге қол жетті.

Жан басына шаққанда орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен Қазақстан халқының үлесі Бағдарлама іске асырыла бастаған кездегі 31,8%-дан 2001

жылы 28,4%-ға дейін төмендеді. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі жүргізген халықтың жұмыспен қамтылуын зерттеу материалдары бойынша жұмыссыздық деңгейі 2000 жылы экономикалық белсенді халықтың 12,8 %-ымен салыстырғанда 2001 жылы 10,4%-ды құрады.

Халықтың тұрмыс деңгейін сипаттайтын көрсеткіштердің оң сипатты серпініне қарамастан елде кедейлік деңгейі әлі де болса елеулі күйінде қалып отыр.

Кедейліктің өсуіне түрткі болатын негізгі экономикалық және әлеуметтік жағдайлар сақталуда, олар:

еңбек рыногындағы жұмыс күшінің сұранысы мен ұсынысының сәйкессіздігі;

еңбекақының, зейнетақының және жәрдемақының төмен мөлшері;

шалғай аудандарда тұратын кедей халықты әлеуметтік жағынан оқшауландыратын ауыл инфрақұрылымының, ең алдымен жолдардың, магистралдық су құбырларының дамуының төмен деңгейі;

тегін медициналық көмектің кепілді көлеміне қол жеткізудің қысқаруы;

ауылдық жерлерде жалпы және кәсіптік білім беретін мектептер желісінің жетіспеуі ;

халықтың бір бөлігінің масылдық көңіл-күйі, оның жұмысқа орналасу мүмкіндіктері жайында нашар хабардар болуы;

халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекпен жеткілікті қамтылмауы.

Еңбек етуге қабілетті азаматтар үлесінің ұлғаюы есебінен кедейліктің әлеуметтік құрылымы өзгеріске ұшырауда.

Осы Бағдарлама "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470 қаулысына сәйкес әзірленді.

Бағдарламада көзделген кедейлікті азайтудың негізгі жолдары халықтың кедейлікке ұшырау себептерінің сан қырлы сипатын ескереді және халықаралық тәжірибенің негізінде оны азайту жөніндегі тиісті көзқарастарды қамтиды, бұл тәжірибе кедейлік проблемаларын шешуді:

экономикалық өсуді;

жұмыспен қамтуды және жұмыссыздықты азайтуды;

әлеуметтік көмектің атаулылығын;

ауыз суды қоса алғанда базалық білімге, алғашқы медициналық көмекке, тұрғын үйге, көлік инфрақұрылымына және коммуналдық қызметтер көрсетуге қол жетімділігін;

бюджеттік бағдарламаларға әкімшілік ету тиімділігін;

кедейлердің мемлекеттік шешімдер қабылдауға қатысуын, ақпаратқа қол-жетімділігін арттыруды қамтамасыз ету арқылы қарастырады.

Бағдарламада 1995 жылғы наурызда Копенгаген қаласында қабылданған "БҰҰ-ның

кедейлікті жою жөніндегі онжылдығы" әлеуметтік даму жөніндегі Дүниежүзілік Саммит Декларациясының, сондай-ақ Халықаралық Еңбек Ұйымының еңбек, жұмыспен қамту, гендерлік теңдік саласындағы конвенцияларының ережелері ескеріледі.

Сонымен бірге, Бағдарлама қоршаған ортаның халықтың тұрмыс деңгейіне әсерін, кедейліктің өңірлік ерекшеліктерін, сондай-ақ тоқтап тұрған қала салушы кәсіпорындары бар шағын қалалардағы және тоқырауға ұшыраған ауылдық аудандардағы кедейлікті ескереді.

Кедейлік проблемаларын шешу үшін қоғамның барлық институттарының: мемлекеттік органдардың, кәсіби одақтардың, жеке сектордың және үкіметтік емес ұйымдардың, оның ішінде кедей халықтың мүддесін білдіретін бірлестіктердің белсене қатысуы мен бірлесіп іс-қимыл жасауы көзделеді.

# 1. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕДЕЙЛІКТІҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ

## 1.1. Қазақстандағы кедейлік деңгейін айқындау және оның өлшемі

### 1.1.1. Кедейлік ұғымы және оны бағалау индикаторлары

Кедейлік - бұл халықтың белгілі бір топтары өмір сүру құқықтарын іске асыруға байланысты бірінші кезектегі физиологиялық қажеттіліктерді қанағаттандыруда қиындық көретін, конституциямен бекітілген құқықтар мен бостандықтар шеңберінде қоғам өміріне толыққанды қатысу мүмкіндігінен айырылатын әлеуметтік-экономикалық құбылыс.

Кедейлік проблемасы экономикалық және әлеуметтік аспектілерді, сондай-ақ басқару аспектісін қамтиды. Кедейлік проблемаларының ауқымын осындай аспектілер тұрғысынан бағалауға мүмкіндік беретін көрсеткіштер индикаторлар бола алады.

Табыстар бойынша және мемлекет кепілдік берген әлеуметтік қызметтер көрсетуге халықтың қол жетімділігі бойынша кедейлік өлшемін білуге арналған өлшемдер мен индикаторлар бар.

Табыстар бойынша негізгі өлшемдер - бұл ең төменгі күнкөріс деңгейі мен кедейлік шегі. Кедейлік деңгейін анықтауға негіз болып табылатын және ең аз тұтыну қоржыны негізінде есептелетін ең төменгі күнкөріс деңгейі азық-түлік тауарларының 70%-ын және азық-түлік емес тауарлардың 30 пайызын қамтиды.

Ең төменгі күнкөріс деңгейінде азық-түлік және азық-түлік емес тауарларға тұтыну шығындарының нақты арақатынасы 2001 жылы 56,3/43,7 болды. Тұтыну қоржыны табысы аз адамдар бюджетінің едәуір бөлігін құрап отырған коммуналдық қызметтер

көрсету мен көлік шығындарын толық көрсетпейді.

2001 жылы белгіленген кедейлік шегі ең төменгі күнкөріс деңгейінің 38%-ын, 2002 жылы - 40%-ын құрады. Бұл көрсеткіш, ең алдымен, атаулы әлеуметтік көмек көрсетудегі мемлекеттің экономикалық мүмкіндіктерін сипаттайды.

Кедейліктің табыстар бойынша индикаторлары - бұл табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі, кедейліктің алшақтығы мен өткірлігі.

Кедейлікті табыстар бойынша ғана бағалап қоймаудың негізгі өлшемдері - негізгі әлеуметтік игіліктер мен қызметтер көрсетуге қол жетімділігінің ең төменгі деңгейі. Денсаулық сақтау саласында - бұл халықтың жан басына шаққанда медицина қызметкерлері мен медициналық ұйымдардың саны, медициналық ұйымдары жоқ елді мекендер саны; білім беруде - бұл балаларды оқумен қамту, мектептері жоқ елді мекендер саны, оқыту жүйесінен тыс қалған балалар, сондай-ақ білім беру мекемелерінде материалдық көмек көрсетілген балалар саны; әлеуметтік көмек жүйесінде - халықтың әлеуметтік осал топтарын қамту және оларға көрсетілетін көмек мөлшері.

Денсаулық, білім, алдағы өмірдің орташа ұзақтығы, әлеуметтік азу (маскүнемдік, нашақорлық, жезөкшелік, қылмыс жасаушылық) жөніндегі көрсеткіштер, сондай-ақ халықтың көші-қоны жөніндегі көрсеткіштер кедейлер үшін әлеуметтік инфрақұрылымға қол жетімділігінің жанама индикаторлары болып табылады.

Алайда орын алып отырған индикаторлар кедейліктің барлық аспектісін толық көрсетпейді. Коммуникациялардан шалғайлық, табиғи немесе энергетикалық ресурстардың шектеулілігі сияқты кедейлік факторларын ашуға көмектесетін нақты инфрақұрылымға қол жетімділік индикаторлары баршылық, бірақ қажетті шаралар әзірлеу барысында олар жеткілікті дәрежеде пайдаланылмайды.

### 1.1.2. Қазақстандағы кедейліктің бейіні

Кедейлік бейіні - кедейліктің барынша айқын көріністерінің сандық және сапалық сипаттамасы. 2001 жылы Қазақстанда ол мынадай деректермен сипатталады:

халықтың 28,4%-ының табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен болды;

ел халқының 11,7%-ының табысы азық-түлік қоржынының құнынан төмен болды, соның ішінде Маңғыстау облысында - 26,7%, Атырау облысында - 21,6%;

халықтың неғұрлым ауқатты 10% және неғұрлым ауқатсыз 10% топтары табыстарының арасалмағы республика бойынша орта есеппен 11,3 есені құрады (шекті көрсеткіш - 8 есені құрайды);

кедейлік аумақтар бойынша шалғайдағы ауылдық аудандар мен шағын қалаларда орын алып отыр: ауылда халықтың кедей тобының үлесі орта есеппен - 38,0%-ды, ал Маңғыстау облысында - 95,5%-ды құрады; қаладағы кедейлік негізінен тоқырауға ұшыраған шағын қалаларда байқалады;

республика бойынша тұтастай алғанда жұмыссыздық деңгейі 10,4 %-ды құрады;
2001 жылы туберкулезбен ауру 1996 жылмен салыстырғанда 78,3 %-ға өскен;
жүкті әйелдердің 55%-ға жуығы қаны аздықтан зардап шегуде;
табысы аз азаматтардың жалпы санының ішінде табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен тұрғындардың 48,1%-ы 5 және одан да көп адамнан тұратын үй шаруашылықтарында тұрған;
30 мыңнан астам мектеп оқушысы мектепке бару үшін 3 километрден 40 километрге дейін жол жүруге мәжбүр болуда, 6 мыңға жуығы жалға алынған пәтерлерде немесе туған-туыстарының үйінде тұрады;
Ішкі істер министрлігі тіркеген балалардың мектепке бармау оқиғаларының 75%-ы отбасының жайсыз жай-күйімен немесе нашар материалдық жағдайымен байланысты болған;
қала халқының 14%-ы және ауыл халқының 27%-ы сапалы ауыз суымен қамтамасыз етілмеген;
халықтың 4%-ы тасып әкелінетін суды пайдаланады, республиканың оңтүстік аймақтарындағы кедейлік, негізінен, суландыру үшін қажет судың болмауымен байланысты;
халықтың белгілі бір бөлігі қоршаған ортаның азуы мен ластануынан зардап шегуде .

### 1.1.3. Қазақстандағы кедейлік кейпі

Кедейлік кейпі - кедейлік тұрғысынан алғанда халықтың әлеуметтік жағынан барынша осал топтарының тізбесі мен сипаттамасы.

Қазақстанда халықтың әлеуметтік осал топтарына балалар және көп балалы отбасылар, ұзақ уақыт жұмыссыз жүргендер, оқымайтын және жұмыс істемейтін жастар, жалғызілікті қарт адамдар, мүгедектер, межелік топтар (баспанасыздар, пенитенциар жүйесі мекемелерінен босағандар, босқындар) кіреді.

Балалардың өз жағдайларын өз бетімен жақсарту мүмкіндіктері бәрінен аз. Кедей отбасыларында тұратын балаларға қатысты қамсыздық келешекте кедейлік ауқымы өсуінің асқындауының әсеріне әкелуі мүмкін. Талдау көп балалы отбасылардың оңтүстік және батыс аймақтарда, негізінен, ауылдық жерлерде шоғырланғанын көрсетіп отыр.

Ұзақ мерзімді жұмыссыздық жұмыс күшінің белгілі бір бөлігінің жас шамасы, біліктілік, психологиялық өлшемдер бойынша рынок қажеттіліктеріне сәйкес келмеуімен, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарда жұмыс орындары санының қысқаруымен, жұмыспен өзін-өзі қамту мүмкіндіктерінің болмауымен байланысты.

Жастар (15-19 жас) экономикалық қауқарсыз халықтың ең үлкен үлесін (24%), сондай-ақ жұмыссыз халықтың едәуір үлесін (12%) құрап отыр. Оқуда жоқ және

жұмыссыз жастар нашақорлық, қылмыстылық, жезөкшелік бойынша қатер тобына түседі.

Жалғызілікті қарт адамдардың проблемалары коммуналдық қызметтер көрсетуге, емделуге және басқа осындай шығыстарға шығындардың өсуінде болып отыр.

Мүгедектердің мүмкіндіктері шектеулі болуына байланысты олардың арасында кедейлер қатарына қосылу қаупі аса жоғары.

Межелік топтарға жататын адамдар санын бағалау мүмкін болмай отыр. Қоғамның белсенді мүшелері ретінде бұл адамдардан қол үзу айрықша алаңдаушылық туғызуда. Халықтың межелік топтары өздерінің халықтың басқа топтарына келеңсіз әсер ету қабілеттілігінен де ерекше назар аударуды қажет етеді.

Межелік халықтың саны қала өміріне бейімделе алмаған ауылдан көшушілер, жұмыссыздар, ашық және астыртын көшіп келушілер, босқындар есебінен өсуде.

Қылмыстың өсуі кедейліктің негізгі келеңсіз салдарының бірі болып табылуда. Заңсыз жолмен табыс табуға мәжбүр болып отырған халықтың табысы аз топтары арасында жалпы қылмыс жасаушылық кеңінен таралуда.

Мінез-құлықтың түрлі ауытқулары, оның ең ауыр түрлері: маскүнемдік пен нашақорлық кедейліктің келеңсіз салдарының бірі болып табылады.

Бас бостандығынан айыру орындарынан босаған адамдар қазір халықтың мейлінше әлеуметтік осал топтары қатарында тұр. Олардың басым көпшілігі бостандыққа шыққаннан кейін кедейлік шегінде қалатындықтан, еңбекке және тұрмыстық орналастыруға мұқтаж болуда.

Белгілі бір тұрағы жоқ адамдар үшін әлеуметтік бейімдеу орталықтары барлық аймақтарда бірдей жұмыс істемейді. Елде қазіргі уақытта, шын мәнінде, мұндай тек 11 орталық жұмыс істеуде. Ашылған кезінен 3,5 мыңға жуық, соның ішінде бұрын сотталған мыңға жуық адам әлеуметтік бейімдеуден өткен.

## 1.2. Кедейлік деңгейін бағалау

### 1.2.1. Экономиканың даму деңгейі және кедейлік

#### 1.2.1.1. Экономикалық өсу және кедейлік

Экономиканың дамуы - кедейлікпен тиімді күрестің маңызды шарты. Соңғы жылдары Қазақстанның экономикалық көрсеткіштері экономиканың тұрақты өсуін дәлелдеуде. 2001 жыл ішінде ЖІӨ-нің накты өсуі 1998 жылға қатысты 28% құрады. Осы кезеңде кедейлер үлесі 39%-дан 28,4%-ға дейін кеміді. Ел халқының ақшалай табыстары көрсеткіштерінің серпіні және ең төменгі күнкөріс деңгейі халықтың тұрмыс деңгейінің жақсаруын дәлелдейді. 2000 жылғы тамыздан бастап жан басына

шаққандағы халықтың тұтынуға жұмсаған орташа ақшалай табыстарының мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінен аса бастаған. Бұл үрдіс 2001 жылы сақталды: жан басына шаққандағы тұтынуға жұмсалған орташа табыстың және ең төменгі күнкөріс шамасының арасалмағы 121,2%-ды құрады.

| Жыл | ЖІӨ-нің нақты өзгеруі, өткен жылға %-бен | Жұмыссыздық деңгейі | Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі | Табысы азық-түлік қоржыны деңгейінен төмен халықтың үлесі | Кедейлік тереңдігі [1] | Кедейлік өткірлігі [2] | Квинтиль топтары бойынша Джини коэффициенті [3] | Қорлар коэффициенті (байлардың 10%-ының кедейлердің 10%-ына табыстары) [4] |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1996 | 100.5 | 13.0 | 34.6 | | | 11.4 | 5,2 | 0.319 |
| 1997 | 101.7 | 13.0 | 38.3 | 12.7 | 12.1 | 3.1 | 0.338 | 10.2 |
| 1998 | 98.1 | 13.1 | 39.0 | 16.2 | 12.8 | 3.8 | 0.347 | 11.3 |
| 1999 | 102.7 | 13.5 | 34.5 | 14.5 | 13.7 | 5.5 | 0.340 | 11.10 |
| 2000 | 109.8 | 12.8 | 31.8 | 11.7 | 10.3 | 4.0 | 0.343 | 11.9 |
| 2001 | 113.5 | 10.4 | 28.4 | 11.3 | 7.7 | 3.0 | 0.348 | 11.3 |

1 Кедейлік тереңдігі - белгіленген өлшемнен (ең төменгі күнкөріс деңгейі, кедейліктің азық-түліктік шегі және кедейліктің белгіленген шегі) зерттелуші үй шаруашылықтары мүшелерінің табыс деңгейінің орташа ауытқуын көрсететін кедейлік индикаторы.

2 Кедейліктің өткірлігі - кедейлік тереңдігінің мейлінше толық сипаттамасы болатын кедейлік индикаторы. Белгіленген өлшемнен зерттелуші үй шаруашылықтары мүшелері табыстары тапшылығының ауытқу шаршысының орташасын және кедейлер табыстарының әркелкі дәрежесін көрсетеді.

3 Джини коэффициенті (Табыстардың шоғырлану коэффициенті) - теңсіздік дәрежесін сандық бағалауға мүмкіндік береді. Ол біркелкі бөлу желісінен халықтың сандық тең топтары бойынша табыстардың іс жүзіндегі бөлінуінің ауытқу дәрежесін белгілейді.

4 Қорлар коэффициенті - оныншы және бірінші децилдік топтар бөлінуінің ішкі қатарында халықтың салыстырылатын топтарының орташа табыстары арасындағы ара

қатынасты өлшейді.

1997 жылмен салыстырғанда, 2001 жылы халықтың өздігінен жұмыспен қамтылғандарының саны 28,8%-ға өскен. Шағын бизнеспен айналысатындар санының өсуі байқалуда. Соңғы екі жылда өнеркәсіп, көлік, байланыс және коммуналдық салаларда істейтіндер саны біршама өскен. Мемлекеттік бюджетке түсімдер көлемі өсуде (егер 2000 жылы мемлекеттік бюджет кірістері ЖІӨ-нің 22,6%-ын құраса, 2001 жылы Ұлттық Қорға есептелген салықтарды ескергенде, кірістер ЖІӨ-нің 25 %-ын құраған).

Тұтастай алғанда ел бойынша халықтың тұрмыс деңгейінің орнықты жақсаруы байқалуда. Алайда, бұл үрдіс Қазақстанның барлық аймақтарында орын алмай отыр. Джини коэффициенті 1996 жылғы 0,319-ге қарағанда 2001 жылы 0,348-ге өсті.

Экономиканың соңғы жылдардағы өсуі халық денсаулығының орташа көрсеткіштерінің жақсаруына ықпал етсе де (мысалы, өлім-жітім және ауру көрсеткіштерінің тұрақталуы), инфекциялар, сондай-ақ әлеуметтік қолайсыз аурулар ( туберкулез және басқалары) саны өскен немесе олардың төмендеу үрдісі байқалмайды.

## 1.2.1.2. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

Соңғы жылдары Қазақстандағы еңбек рыногы жұмыссыздық деңгейінің төмендеуімен, мемлекеттік емес сектордың пайдасына экономика секторлары мен салалары арасында жұмыс күшінің қайта бөлінуінің жалғасуымен, жалданып жұмыс істейтіндер санының өсуімен сипатталады.

Халықтың жұмыспен қамтылуы бойынша жүргізілген таңдамалы зерттеу материалдары бойынша 2001 жылы халықтың экономикалық белсенді тобына қатысты жұмыссыздықтың деңгейі - 10,4%, жұмыссыздар саны (табыс алатын жұмысы жоқ адамдар, белсенді жұмыс істемейтіндер және жұмысқа кіруге дайын еместер) 780,3 мың адамды құрады. Бұл 2000 жылға қарағанда 126,1 мың адамға немесе 14%-ға кем. Жұмыссыздық құрылымында әрбір екінші адам (56,7%) - әйелдер. Жұмыссыздардың басым бөлігі 15-39 жастағы адамдар, жастар арасындағы (15-24 жастағы) жұмыссыздық деңгейі 19,1%-ды құрады.

Ұзақ жұмыссыздық белгілері күшенуде. 2001 жылы әрбір үшінші жұмыссыз бір жылдан астам жұмыс іздеп келген. Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі 7,6%-ды құрады. Жұмысқа орналасу талаптарының күрделенуде, бұл жұмыс тәжірибесі және қажетті біліктілігі жоқ жастар үшін жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін төмендетеді.

Жұмыс орындарының тапшылығы жағдайында, әсіресе, еңбек рыногында неғұрлым төмен күйдегі мүгедектерді жұмыспен қамту проблемалары шиеленісуде.

Еңбек рыногындағы жағдайға мамандықтар және біліктілік санаттары бойынша жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың сәйкес келмеуі әсер етеді. Білікті жұмыс күші, әсіресе, жоғары білімді мамандар және жоғары білікті жұмысшы кадрлар санының

кемуімен бірге, халықтың кетуі салдарынан, кәсіптік даярланбаған адамдар саны өсуде. Сонымен бірге, жекелеген мамандықтар бойынша жоғары және орта кәсіптік білімі бар жұмыссыздардың әлеуеті сұраныссыз қалып отыр. Жұмыссыздар қатарында 100,4 мың адамның (12,9%) жоғары білімі, 338,4 мың (43,4%) - жалпы орта, 200,3 мың адамның ( 25,7%) орта кәсіптік білімі бар.

Ең алдымен, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттерінен астыртын еңбек көші қазақстандық еңбек рыногына әсер етіп отырған проблемалардың бірі болып табылады. Көптеген қазақстандық кәсіпкерлер біліктілігі төмен шетел жұмыс күшінің арзандығынан астыртын еңбек іздеушілерді оңайлықпен жалдайды. Бұл теріс бәсекелестікке кезігіп отырған жергілікті халықтың жұмыспен қамтылуына әсер етіп, " көлеңкелі" сектордың және заңсыз жалдаудың кеңеюіне әкеледі.

Табысы төмен жұмыс орындарының басымдығымен, толымсыз жұмыспен қамтумен айқындалатын "жұмыс істеуші кедейлер" жалақысының төмен деңгейі кедейлік себептерінің бірі болып табылуда. Экономикалық қызмет түрлері бойынша жалақы айырмашылығы 6-7 есе болады, негізінен, еңбек өнімділігі және жұмыспен қамтылғандардың біліктілігі бойынша экономика салалары арасындағы айырмашылықтармен айқындалады.

Ерлер мен әйелдердің жұмыспен қамтылуындағы, олардың еңбекақысындағы айырмашылықтар, еңбек рыногындағы бәсекелестік қабілеттілігі әйелдердің кедейлігіне әсер ететін факторлар болып табылады. Әйелдер, әдетте, еңбекақысы төмен секторларда (денсаулық сақтау, білім беру әлеуметтік қызметтер саласы, мәдениет) жұмыс істейді. 1998 жылы әйелдердің орташа жалақысы ерлер жалақысының 75,8%-ін, 1999 жылы - 67,6%-ін, 2000 жылы 60,5%-ін 2001 жылы - 58,7%-ін құраған. Ерлер сектор ішінде мейлінше жоғары ақылы қызметтерге ие болып отырғандықтан, бұл үрдіс дәстүрлі "әйелдер" салаларында да сақталуда.

Ауылдық жерлерде және шағын қалаларда әйелдерді жұмыспен қамту проблемасы мейлінше өткір тұр. Жұмыссыз әйелдердің үштен бірі ауылдық жерде тұрады. Жұмысқа қабылдау кезінде орын алып отырған жынысы және жасы бойынша кемсітушіліктер зейнеткерлік жасы алдындағы адамдардың, әсіресе, әйелдердің кедейлік жағдайын тереңдетуде. Жұмыс берушілердің ер қызметкерлерді жалдауға көңіл бөлуінен, әйелдер жұмысқа орналасу кезінде проблемаларға жиі кезігуде. 2001 жылы ерлер арасындағы жұмыссыздық деңгейі - 8,9%-ды, әйелдер арасында 12,0%-ды құрады.

### 1.2.1.3. Шағын бизнес

Шағын бизнес кедейлікті еңсеру проблемаларын шешу шеңберінде халықтың әртүрлі санаттарына, соның ішінде оның әлеуметтік осал топтары - жұмыссыздарға, мүгедектерге, жалғызілікті аналарға, зейнеткерлерге, оралмандарға, босқындарға көмек

көрсетуге және жұмыс орындарын ұсынуға қабілетті. Шағын бизнестің тұрақты қызметі мемлекеттік бюджетке түсетін салық түсімдерінің өсуін қамтамасыз етеді және тиісінше, елдің әлеуметтік мұқтаждарына шығыстардың ұлғаюына ықпал етеді. Алайда , Қазақстанда ЖІӨ-де шағын бизнестің үлесі күні бүгінге дейін мардымсыз болып отыр .

2002 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша Қазақстанда 388 мыңнан аса шағын кәсіпкерлік субъектілері тіркелген, олар өндірілген өнімді сатудан және қызметтер көрсетуден 238,8 млрд. теңге сомасында табыс алған.

Сонымен бірге, қазіргі таңда қажетті қаражаттың және жергілікті өкімет органдары тарапынан ұйымдық қолдаудың болмау себептерінен халықтың кедей жігінің шағын бизнеске қатысуының төмен деңгейі орын алып отыр.

### 1.2.1.4. Қоғамдық жұмыстар

Жұмыссыздық деңгейі күрт өсіп отырған кезеңдерде еңбек рыногын реттеуде елеулі рөл атқармаса да, қоғамдық жұмыстар жұмыссыздарды әлеуметтік қолдауда және еңбек рыногындағы жағдайды бәсеңсітуде айтарлықтай рөл атқарады.

2001 жылы 132,5 мың адам қоғамдық жұмыстарға қатысты, 1997-2001 жылдар кезеңінде қоғамдық жұмыстармен айналысатын жұмыссыздар саны 113,6 мың адамға немесе алты есе өсті. Бұл жұмыссыздық жөніндегі жәрдемақылардың жойылуымен байланысты, мұның өзі бос жұмыс орындарының тапшылығы жағдайында қоғамдық жұмыстарды жұмыссыздардың көпшілігі үшін табыс алудың бірден бір мүмкіндігі етіп отыр.

2001 жылы қалаларды көгалдандырумен және көркейтумен, сондай-ақ аумақтарды жинастырумен байланысты жұмыстар қатысушыларының саны бойынша мейлінше бұқаралы болды. Оларға қоғамдық жұмыстарға қатысқан жұмыссыздардың жалпы санының 60%-ынан астамы қатысты.

Жылына екі айдан кем еңбек ету кезіндегі еңбекақының төмен деңгейі, сондай-ақ көпшілігінде тартымсыз дене еңбегі, оның мәніссіздігі жұмыссыздардың қоғамдық жұмыстарға қатысудан бас тартуының негізгі себептері болып табылады. Сондықтан мұндай жұмыстарға тек өте мұқтаж адамдар ғана өтініш береді.

### 1.2.1.5. Кәсіптік даярлау және қайта даярлау

2001 жылы кәсіптік даярлау және қайта даярлау курстарынан өткен жұмыссыздардың үлес салмағы небары 5,9%-ды құрады. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдар еңбек рыногының қажеттіліктеріне, әсіресе, жаңа технологиялар қолдануды қажет ететін мамандықтар бойынша (мысалы, дәнекерлеушілер, тас қалаушылар, машинистер, құрылыс мамандықтары жұмысшыларын) уақытылы қарайласуға сәті келе бермейді. Жұмысшы және

инженер-техникалық мамандықтарға рынок сұранысы бойынша деректер базасы жоқ, экономика салалары бойынша білікті жұмысшылар мен мамандар қажеттілігін айқындау тұрғысында еңбек рыногына мониторинг жүргізілмейді, кадрлар даярлауда кәсіпорындар қорларын пайдалану жөнінде олармен ынтымақтастық нашар жолға қойылған.

Кәсіптік курстарды ұйымдастыру жағдайы аумақтық шашыраңқылықпен, нашар көлік қатынасымен және білім беру ұйымдарынан шалғайлығымен күрделеніп отырған ауылдық жерлерде қайта оқытылғандардың үлесі 2001 жылы барлығы 4,6%-ды құрады. Жастар еңбек ресурстарын толтырудың нақты көзі болып отырғанда, оқыған жастар санының төмендеу үрдісі байқалуда.

Республика өңірлерінде жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті органдардың қаражаты есебінен жұмыссыздарды және қолы бос халықты оқыту үшін аймақтық орталықтар ретінде мемлекеттік кәсіптік мектептерді (лицейлерді) барынша пайдалану, олардың оқу-материалдық базасын жақсарту және инженер-педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру үшін шаралар қабылданбай келеді. Жастарға және жұмыссыз азаматтарға кәсіптік білім беру және қайта оқыту мәселелері жөніндегі өңірлік комиссиялар еңбек рыногы талаптарын ескере отырып, кадрлар даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды жоспарлауда және ұйымдастыруда әлеуметтік әріптестердің іс-қимыл келісімділігін қамтамасыз етпейді.

### 1.2.1.6. Шағын кредит беру

Гранттар немесе шағын кредиттер беру жолымен табыстары төмен еңбекке қабілетті азаматтарға шағын кредит беру олардың өзін-өзі жұмыспен қамтуын және материалдық жағдайын жақсартуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 ақпандағы N 103 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының ең аз қамтамасыз етілген азаматтарын шағын несиелендірудің 1998-2000 жылдарға арналған бағдарламасы аз қамтылған азаматтарға бизнес құруға 400 АҚШ доллары (баламалы) мөлшерінде шағым кредиттер бөлуді көздеген болатын. Бағдарламаның іске асырылуы пилоттық облыстарда (Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан облыстарында, Қостанай облысының Арқалық қаласында) басталды. Сол уақытта қарыз қаражатын қайтарудың және қаржыландырудың тұрақты көздерінің дәл әзірленген тетіктерінің болмауы салдарынан бұл Бағдарлама толық көлемде орындалмады.

Аз қамтылған азаматтарды қолдау жөніндегі халықаралық және отандық ұйымдар, жеке және үкіметтік емес ұйымдар тарабынан гранттар беру арқылы шағын кредит берудің оң тәжірибесі бар.

### 1.2.2. Әлеуметтік сала

### 1.2.2.1. Демография және көші-қон

2002 жылдың басында Қазақстан халқы 14820,9 мың адамды құрады, соның ішінде халықтың 56,3%-ы - қалалық, 43,7%-ы ауылдық жерде тұрады. 2001 жылы халық саны 21 мың адамға азайды.

Тұтастай алғанда республика бойынша 2001 жылы жалпы туу коэффициенті 1000 адамға - 14,9 туылған бала, өлім коэффициенті 1000 адамға 10,0 жағдай болды.

2001 жылы халықтың табиғи өсімі 73,2 мың адам болды, бұл 2000 жылдағыдан 4,1 мың адамға көп.

Ересек топ (әйелдер үшін 58 жастан астам және ерлер үшін 63 жас) демографиялық тұрғыдан тікелей кедейлік қатерінде емес: шын мәнінде кедей үй шаруашылықтарындағы қартаң және кәрі халықтың үлесі жалпы іріктеудегіден төмен. Кедейлер арасында жастармен қатар орта жастағы адамдардың (31-40 жас) үлесі жоғары.

Қазақстандағы отбасының орташа мөлшері 3,6 адамды құрайды, алайда ол өңірлер бойынша ерекшеленеді. Негізінен, жергілікті халық тұратын оңтүстік-батыс өңірлерде отбасы құрамы үлкен.

2001 жылы аз қамтылған азаматтардың жалпы санының табысы ең төменгі күнкөріс деңгейімен төмен табыстары бар тұрғындардың 48,1%-ы 5 және одан да көп адамнан тұратын үй шаруашылықтарында тұрған. Осылайша, көп балалы отбасыларының кедейлер санатына қосылу қатері неғұрлым жоғары.

2001 жылы елдің көші-қон шығыны 94,3 мың адам болды, ол 2000 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 23,5%-ға кеміді.

Мына облыстар (тиісті шектес мемлекеттерден келетіндердің есебінен): Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Жамбыл, Қостанай және Шығыс Қазақстан облыстары мейлінше көші-қон қысымын бастан кешуде.

Жұмыссыздықтан, экологиялық проблемалардан туындаған көші- қон процестері кедейлік және жұмыссыздық деңгейіне айтарлықтай әсер етеді. Өңірлердің экологиялық қолайсыз жағдайлары (мысалы, бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының аумағы, Арал өңірі), ауыз судың жетіспеушілігі және басқа проблемалар халықты тұруға неғұрлым қолайлы аумақтарға өздігінен ауысуға мәжбүр етуде.

### 1.2.2.2. Халықтың медициналық көмекпен қамтамасыз етілуі

Реформалар барысында психологиялық күйзелістің, құнарсыз тамақтың және экологияның жиынтық әсері, әсіресе, халықтың кедей жіктеріне тән ауру түрлері бойынша олардың күрт өсуінің себебіне айналды.

Сәбилердің шетінеу көрсеткішінің төмендеуіне қарамастан, ол әлі де болса, жоғары деңгейде қалып отыр, жүкті әйелдердің 55%-ға жуығы қаны аздықпен ауырады.

Репродукциялық жастағы әйелдер аборт жасау салдарынан өз денсаулығына қауіп төндіруде.

1996 жылмен салыстырғанда 2001 жылы туберкулез ауруы 78,3%-ға өсті. Психотроптық заттарды пайдалану, психикалық ауытқулар, қатерлі ісіктер, жыныстық жолдармен берілетін аурулар салдарынан аурушаңдық деңгейі өте жоғары болып отыр.

Ауылдағы денсаулық сақтау жүйесі неғұрлым күрделі жағдайда тұр. 1990-2000 жылдары ауылдағы денсаулық сақтау жүйесінің жеткіліксіз деңгейде қаржыландырылуы және медицина қызметкерлерінің ауылдан кетуі ауылдағы медициналық ұйымдар желісінің қысқаруына және ауылдық жерлердің медицина кадрларымен қамтамасыз етілу деңгейінің төмендеуіне әкеліп соқты.

Ауыл халқына бастапқы медициналық-санитарлық көмекті жақсарту жөнінде соңғы жылдары қабылданған шаралар ауылдық денсаулық сақтау жүйесін дамытуды жақсартудың белгілі бір жолдарын белгілеуге мүмкіндік берді. 2002 жылға қарай барлық елді мекендер медициналық қызметкерлермен немесе медициналық ұйымдармен қамтамасыз етілді.

Дегенмен әсіресе, мемлекеттік секторда медициналық қызмет көрсету сапасы бұрынғыша төмен болып отыр. Ақылы медициналық көмек пен кепілді көлемі арасында дәл айырмасы болмауынан ақысыз медициналық көмектің кепілді көлемі ақылы қызметтермен ауыстырылуда, ақылы медициналық қызметтердің және дәрі-дәрмек құралдарының құны жоғары болуы, халықтың мемлекет кепілдік берген ақысыз медициналық қызметтер тізбесі туралы жеткіліксіз хабардарлығы орын алуда.

### 1.2.2.3. Білімге қол жеткізу

2002 жылы республиканың 554 елді мекенінде мектептер мүлдем болмаған, 625 ауылда - орта, ал 593 ауылда - негізгі мектеп болмаған. Осының салдарынан 25,5 мың бала күнделікті мектепке жеткізіп тұруды қажет етеді. Әсіресе қыс кезінде мектепке дейін күн сайын 3 километрден 40 километрге дейін жол жүру қажеттігі оқушылардың осы санатының сабаққа келмеуіне әкеп соғуда.

Мектептен тыс қалған балалар мен жастар арасында аз қамтылған және жағдайы нашар отбасылар өкілдері едәуір үлесті құрайды. Материалдық жағдайдың тұрақсыздығы, жұмыссыздық және мәжбүрлі көші-қон отбасы жағдайының бюджетіне әсер етуде және жекелеген отбасыларды балаларының білім алуына жұмсалатын қаражатты үнемдеуге мәжбүр етуде.

Аз қамтылған отбасы балалары, жетім балалар және денсаулығы әлсіреген балалар үшін ыстық тамақпен қамтамасыз ету мәселесі білімге қол жеткізумен байланысты елеулі проблема болып табылады. Тұтастай алғанда республика бойынша мектеп асханаларында аз қамтылған отбасылардың 186 мыңнан аса оқушысы тегін

тамақтанады, бұл олардың жалпы санының 12%-ы, 92 мыңнан аса оқушы (5%) арзандатылған тамақ алып отыр.

Білім берудің барлық сатыларында әйел жынысындағы оқушыларды қамту (6-дан 24 жасқа дейін) 71,6%, ал ерлер - 70,1% құрайды. Студенттер арасында қыздардың үлесі жас жігіттерге қарағанда, жоғары. Алайда, еңбек рыногында олардың жұмысқа орналасу мүмкіндіктері аз. Жоғары оқу орындарына түсе алмаған және қалада қалуды қалайтын ауылдан келген талапкерлер проблемасы өзекті күйінде қалып отыр. Ауылдық жерде алынған білім деңгейінің төмен болуы нәтижесінде ауыл жастары жоғары білім алуда бәсекеге түсе алмайды.

"Білім" мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуы білім алуға қол жеткізуді жақсартуға ықпал етті. 1999 жылдан бастап мектепке дейінгі ұйымдар және жалпы білім беру мектептері санының біртіндеп өсуі байқалуда. Алайда, тұтынушылар үшін білім алу сапасы және олардың нақты құны, білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасы және санитарлық жағдайы әлі де болса халықтың сапалы білімге қол жеткізуінде елеулі кедергі болып отыр.

### 1.2.2.4. Халықтың әлеуметтік осал топтарына мемлекеттік әлеуметтік көмек жүйесі

1999 жылы атаулы көмек көрсету өлшемі ретінде кедейлік шегін айқындаған "Ең төмен күнкөріс деңгейі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануына және жергілікті өкімет органдарына төлемдер мөлшерін белгілеу мүмкіндігінің берілуіне байланысты халықты әлеуметтік қорғау жүйесінде белгілі бір жақсару байқалған. Жергілікті жерлерде елді мекендердің әлеуметтік-еңбек карталарын жасау жолымен күнкөрісі төмен отбасыларды есепке алу және оларды дербестендіру жүзеге асырыла бастады.

Сонымен қатар халықты әлеуметтік қорғаудың қолданыстағы жүйесінің бірқатар кемшіліктері болды. Проблемалар қатарында халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі әр түрлі мемлекеттік органдар қызметінің нашар үйлестірілуін атап өткен жөн. Шешім қабылдаудағы көлеңкелік, әлеуметтік көмек алу мүмкіндіктері туралы ақпаратты тарату жүйесінің дамымағандығы, әлеуметтік қызмет көрсетуге мемлекеттік емес сектордың жеткіліксіз қатысуы айтарлықтай рөл атқарады.

2002 жылғы қаңтардан бастап "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасы Заңының іске асырылуы неғұрлым мұқтаждарға мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсетуге бағытталған.

2003 жылғы 1 қаңтарда 1171,2 мың адам немесе кедейлік шегінде өмір сүретін халықтың жалпы санының 90,4%-ға жуығы атаулы әлеуметтік көмек алушылар болған.

Көмектің осы түрін алушылар ішінде балалар - 56,7%, жұмыссыздар - 18,2%, жұмыс істейтіндер - 6,9%, мүгедектер - 1,7%, зейнеткерлер - 2,1%, өзге де алушылар 12,7%-ды құрайды.

### 1.2.3. Кедейліктің инфрақұрылымдық аспектісі

Инфрақұрылым материалдық және ақпараттық ресурстардан шалғайлық, қатынас құралдарының болмауы сияқты кедейліктің "табиғи" себептерін еңсеруге мүмкіндік береді. Ол, сондай-ақ, экономикалық белсенділікке ықпал етеді, рыноктарға және әлеуметтік саланың қызметтер көрсетуіне қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

#### 1.2.3.1. Халықтың тұрғын үймен және коммуналдық қызметтер көрсетумен қамтамасыз етілуі

Өңірлер бойынша тұрғын үйдің әркелкі бөліну проблемасы орын алуда. Тұрғын үймен қамтамасыз етілу бойынша жоғары көрсеткіштер - халқы көшіп кеткен Қарағанды және Павлодар облыстарында (бір адамға шаққанда 17,8 және 17,3 шаршы м), төмен көрсеткіштер - Атырау және Маңғыстау (14,0 және 14,4 шаршы м) облыстарында байқалады. 89% үй шаруашылықтарының жеке тұрғын үйі бар, алайда оның тек 44%-ында коммуналдық жағдай жақсартылған. Қалаға қарағанда ауылдық жерлерде абаттандыру көрсеткіштері төмен.

Ақылы қызметтер көрсету құрылымында тұрғын үй-коммуналдық шығыстар үлесі 2000 жылғы 51%-ға қарағанда 2001 жылы 53%-ды құрады. Халықтың төлем қабілетінің төмендігінен тұрғын үйді ағымдағы ұстау үшін төлемсіздік деңгейі жоғары күйінде қалып отыр.

Күнкөрісі төмендерге тұрғын үй беру арқылы көмек беру жүйесі проблеманы біршама жеңілдетеді. Тұтынушылардың жалпы берешектерінде халықтың борыштары 16 млрд. теңгені (61%) құрайды, бұл жекелеген өңірлерде үй шаруашылықтарын электр жарығынан ағытып тастаудың басты себебі болып табылуда. Ауыл шаруашылығында электр тұтыну көлемінің қысқаруы ауылдық электр желілері тиімділігінің төмендеуіне және тарифтердің жоғарлауына, электр қуатын беруде іркілістерге әкеп соқтырды.

#### 1.2.3.2. Халықтың сумен қамтамасыз етілуі

Суға қол жеткізу кедейліктің негізгі индикаторларының бірі болып табылады. Халықтың аурушаңдық деңгейі көп жағдайда ауыз сумен жабдықтау жай-күйінің нашарлауына байланысты.

Ел халқының құбырдағы сумен қамтамасыз етілуі 74% болды. Осыған қарамастан, жұмыс істеп тұрған су құбырларының саны азаюда және олардың санитарлық-техникалық жай-күйі нашарлауда. Тұтастай алғанда республика бойынша

су құбырларының 13,3%-ы жұмыс істемейді, 23,4%-ы санитарлық-техникалық талаптарға жауап бермейді.

Халықтың 50%-ға жуығы минеральдығы және керметілігі бойынша нормативтерге сай келмейтін ауыз суды пайдаланады, 3,9% ауыз суының сапасы бактериологиялық көрсеткіштер бойынша стандарттарға сәйкес келмейді. Жерасты суларының үдемелі ластануы су көздерінің сапалық көрсеткіштерінің төмендеуіне әкеліп соғуда. Орталықтандырылмаған су көздерінен және ашық су қоймаларынан алынған суды тұтыну деңгейі жоғарылап келеді. Тасымалданып әкелінетін суды пайдаланатын халықтың үлесі артуда. Бір миллионға жуық ауыл халқы ауыз суы ретінде тазартылмаған суды және үй шаруашылықтарында, көбіне, егістіктің және мал шаруашылығы фермаларының қалдық суларымен ластанған өзендердің суын пайдаланады.

Республиканың оңтүстік өңірлерінде судың болмауы жер телімдерін тиімсіз пайдалануға әкеліп соғуда.

### 1.2.3.3. Халықтың жолмен, көлікпен, байланыс қызметтерін көрсетумен қамтамасыз етілуі

1997-2001 жылдар аралығында жол қатынастарының жалпы желілеріне қосылған қатқыл төсеніштi жолдармен байланыспаған ауылдық елді мекендердің үлес салмағы ( 36,8-дан 23.9%-ға дейін) төмендеді. Қазақстанда жолаушылар тасымалымен қамтамасыз етудің орташа деңгейі тым төмен - 30%, бұл шалғай аймақтағы тұрғындардың әлеуметтік қызмет түрлеріне қол жеткізу мүмкіндігін шектейді.

Республикада қызметтер көрсету түрлерінің ең төменгі әлеуметтік-кепілді мөлшерін алу үшін жолдың нашарлығы салдарынан өңірдің әрбір тұрғыны көтеруге мәжбүр апта сайынғы өнімсіз шығындар жоғары күйінде қалып отыр.

Көлік тасымалдарына халықтың төлем қабілеттілік сұранысының қысқаруы жол бағыттарының жалпы санының азаюын және барын кішірейтуді туғызды. Жекелеген селолық аудандарда аз қоныстанған елді мекендер көлік қатынасынан үзіліп қалған, бұл кедейлердің жағдайын одан әрі нашарлатуда.

Халыққа көрсетілетін ақылы қызметтер құрылымында байланыс қызметі 11,6%-ды құрайды, ауылда халықтың төлем қабілетсіздігінен телефон станцияларының қысқару үрдісі және байланыс қызметін пайдаланудан бас тартудың артуы байқалуда.

## 1.2.4. Кедейліктің өңірлік және экологиялық аспектілері

### 1.2.4.1. Кедейліктік өңірлік ерекшеліктері

Қазақстан аумағы бойынша кедейліктің таралуында елеулі өңірлік ерекшеліктер бар , бұл ең алдымен табыстың өңіраралық саралануынан байқалуда. Республика өңірлерінің орташа жалақы деңгейі бойынша саралануы үш еседен астам мөлшерде болып отыр.

Жоғары экономикалық көрсеткіштер кедейлердің жағдайының жақсаруынан әрдайым көрініс таба бермейді. Мысалы, халықтың жан басына шаққанда жалпы өңірлік өнімнің ең жоғары көрсеткіштерінің біріне ие Маңғыстау облысында кедей тұрғындардың ең жоғары үлесі байқалуда.

Сонымен бірге облыстар ішінде халықтың ақшалай табыстарында едәуір айырмашылық бар. Әсіресе ауылдық аудандарда халқының 46,2 %-ын кедейлер құрайтын Маңғыстау облысында жалақының мұнай өндіру өнеркәсібіндегі ең жоғары және ауыл шаруашылығындағы ең төмен мөлшерінің арасындағы оның алшақтығы 18 есені немесе Атырау облысында мұнай өндіруші Жылыой ауданы мен ауылдық Махамбет ауданының арасындағы алшақтық 9 есені құрайды.

Сондықтан қаражат тиімді түрде қайта бөлінбесе, экономикалық өсу өздігінен халықтың жағдайын жақсартудың кепілі бола алмайды.

Өңірлер кедейлік деңгейі жөнінен де, жұмыспен қамтылу деңгейі жөнінен де ерекшеленеді. Өңірлерде жұмыс күшіне сұраныстың құлдырауы көбіне олардың әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерімен, қайта құрылымдау, өндірісті техникамен қайта жарақтандыру қарқынымен және басқа да көптеген факторлармен айқындалады.

## 1.2.4.2. Шағын қалалардағы халық кедейлігі

Шағын қалаларда кедейлік деңгейі жоғары күйінде қалып отыр. Тоқырауға ұшыраған шағын қалаларда халықтың жан басына шаққандағы ақшалай табысы орташа республикалық деңгейден 30-50% төмен.

Шағын қалаларда кедейліктің өсуі негізінен өндірістің ұзақ уақыт құлдырауынан ( шағын және орташа қалаларда әртүрлі себептермен кәсіпорындардың барлығы 40%-ға жуығы тоқтап тұр) және соның салдарынан жұмыссыздықтың жоғары деңгейінен; бюджет қаражатының және инвестициялардың жетіспеуінен, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым жай-күйінің күрт нашарлауынан, халықтың жекелеген топтарының төлем қабілетінің төмен болуы салдарынан коммуналдық қызметтер ұсынудағы іркілістерден туындап отыр.

Шағын қалалардағы экономикалық белсенді халықтың үлесі орта есеппен 58%-ды құрайды. Жалпы жұмыссыздықтың деңгейі 47%-ға жетеді. Жағдай біліктілігі төмен жұмыс күшінің үлес салмағының жоғары болуы себепті ушыға түсуде. Кадрлар даярлаудың, шағын қалалардың әлеуетін жақсартуға және білікті жұмыс күшімен толықтыруға ықпал ететін оқу орындарының желісі нашар дамыған.

### 1.2.4.3. Ауылдық жерлердегі халық кедейлігі

Кедей халықтың негізгі бөлігі ауылдық жерлерде тұрады. 2001 жылы ауылдағы кедейліктің тереңдігі және өткірлігі сияқты өлшемдер қаладағы 5,3%-ға және 2,2%-ға қарағанда тиісінше 13,5%-ды және 6,0%-ды құрады. Әсіресе өмір сүрудің әуелден қолайсыз экологиялық жағдайлары орташа республикалық деңгейді алсақ та, орташа облыстық деңгейді алсақ та іс жүзінде барлық әлеуметтік өлшемдер бойынша межеулікке түрткі болатын тоқыраған селолық аудандарда өткір ахуал қалыптасып отыр.

Ауыл тұрғындарының номиналды ақшалай табыстары қала тұрғындарынан екі есе төмен. Соңғы бес жыл бойы ауылшаруашылық өндірісі қызметкерлерінің жалақысы елдегі ең төменгі жалақылардың бірі болып келді.

Ауылдың еңбекке қабілетті әрбір бесінші тұрғыны жұмыспен қамтылмаған. 2001 жылы ауылда жұмыспен қамтылу 35,3%-ды құрады. Аграрлық еңбек рыногы тар өрісті мамандық қызметкерлерінен - механизаторлардан, малшылардан, агрономдардан, зоотехниктерден тұрады, олардың жұмыспен қамтылуы көбінесе өндірістің маусымдылығымен айқындалады.

Ауылда денсаулық сақтау мен білім берудің базалық әлеуметтік қызметтеріне қол жеткізу деңгейі бойынша ахуал күрделі күйінде қалып отыр; шаруашылық ішіндегі жолдарды, коммуникацияларды күтіп ұстау нашарлап кетті, халықтың көші-қоны етек алды.

Ауыл шаруашылығының өндіріс құралдарын, энергоресурстар және материалдар беруші аралас салаларға экономикалық тәуелділігі, ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу, оны сақтау және тасымалдау базасының дамымауы, салада кірістің төмен болуына байланысты инвестициялар салудың тартымсыздығы ауылдық жердегі халықтың кедейлігіне әсер етуде.

### 1.2.4.4. Халық кедейлігінің экологиялық аспектісі

Қолайсыз экологиялық ахуал халықтың кедей топтарының тұрмысына едәуір әсерін тигізуде. Осындай негізгі факторлар ретінде судың, ауаның ластануын, шөлейттенуді атауға болады.

Сумен жабдықтау проблемасы мен кедейлік бір-бірімен өзара байланысты. Қазақстанның көптеген облыстарында халық қауіпсіз ауыз сумен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілмеген. Ауыл халқын ауыз сумен қамтамасыз етудің орташа республикалық көрсеткішінің жыл сайынғы төмендеуі 3,5%-ға жетіп отыр, бұл халық денсаулығына, атап айтқанда жұқпалы аурулардың, тырысқақ, сүзек, А вирусты гепатитінің таралуы салдарынан келеңсіз әсер етуде.

Атмосфералық ауаның ластануы халық арасында аурулардың таралуына зор әсер

ететін қауіпті факторлардың қатарына жатады. Мысалы, мұнай өндірілетін аудандарда ілеспе газды жалындатып жағу, күкіртті ашық ауада сақтау орын алуда. Жекелеген аудандарда қалдық қоймаларының радиоактивтік және уытты қалдықтары тозаңданып, шаң болып ауаға ұшып жатыр. Арал теңізі өңірлерінде тартылған теңіз түбінен уытты тұздар ауаға көтеріліп, адамдар мен жануарлардың денсаулығына кері әсерін тигізіп отыр, сондай-ақ су мен топырақты ластауда.

Қазақстанның кең-байтақ аумағы әскери полигондар қызметінен және ғарыш техникасын ұшырудан зардап шекті. Семей ядролық сынақ полигонында өткізілген ядролық жарылыстар салдарынан сәуле ауруына ұшырағандар саны жарты миллион адамға жетті, 2 миллион гектарға жуық ауылшаруашылық жері радиоактивтік ластануға ұшырады.

Екінші қайтара тұздану, шөлейттену салдарынан егістік жерлер құнарлылығының төмендеуі халықтың тұрмыс деңгейіне, өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығына және жалпы түсіміне, мал басына және мал шаруашылығының өнімділігіне кері ықпал ететін бірқатар экономикалық проблемалар туғызуда. Санитариялық-экологиялық жағдайлардың нашарлауы өз кезегінде халықтың еңбек және зияткерлік әлеуетін төмендетеді.

Кедейлік халықты табиғи ресурстарды жөн-жосықсыз пайдалануға мәжбүр етуде. Көмір, газ, электр қуатын сатып алуға қаражаты жоқ халық сексеуілдерді, тоғайларды, қалқанды орман белдеулерін жаппай кесуде. Киік және басқа да тұяқты жануарларға қатысты қаскер аңшылық етек алуда. Ауылдың кедей халқы көбінесе тозған және мардымсыз суарылатын жерлерде шаруашылық жүргізуге мәжбүр және агрохимиялық және ирригациялық іс-шаралар мен ресурс үнемдейтін технологияларды пайдалануға мүмкіндіктері жоқ.

### 1.2.5. Қоғам институттарының халықтың кедейлік деңгейін төмендетудегі рөлі

#### 1.2.5.1. Мемлекеттік органдардың халықтың кедейлік деңгейін төмендетудегі қызметінің тиімділігі

Мемлекет кедейлік деңгейін төмендетуде басты рөл атқарады. Бұл, біріншіден, бизнеспен айналысу үшін қолайлы жағдайлар, оның ішінде салық, инвестициялық ахуал жасаудан, қаржылық және институционалдық инфрақұрылым жасаудан, соның ішінде кәсіпкерлік субъектілері үшін бәсекелестікті дамытуға қолайлы жағдайлар жасаудан көрінеді. Екіншіден, әлеуметтік даму саласында да (денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру), қоғамдық инфрақұрылымды (қоғамдық объектілер, жолдар құрылысы, көлікпен қамтамасыз ету) қалыптастыру да халыққа мемлекеттік қызмет түрлерін көрсету бойынша бюджеттің шығындарын жоспарлаудан көрінеді. Үшіншіден, халықтың әлеуметтік осал топтарын тікелей әлеуметтік қорғаудан көрінеді.

Соңғы жылдары әлеуметтік салада мемлекеттік қызметтер көрсету тиімділігін арттыру жөнінде шаралар қолданылды. Жаңа зейнетақы жүйесіне көшу жүзеге асырылды және әлеуметтік төлемдерді төлеу ретке келтірілді.

Елдің әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарын көрсететін бағдарламалы, нысаналы бюджет қалыптастыру қамтамасыз етілді. Бюджет мемлекеттің ағымдағы мұқтаждарын орындауға бағытталған бағдарламалар жүзеге асырылатын ағымдағы бюджетке және экономикаға бөлінетін инвестицияларға жұмсалатын шығындарды қамтитын даму бюджетіне бөлінеді.

Сонымен бірге бағдарламалардың нақты нәтижелерін қадағалау және олардың тиімділігін бағалау тетіктері одан әрі жетілдіруді қажет етеді. Сондай-ақ әсіресе шалғайдағы ауылдық аудандарда бастапқы медициналық-санитариялық көмек, сапалы орта жалпы білім беру сияқты халыққа базалық қызметтер көрсетуге әкімшілік ету жетілдіруді қажет етеді.

Көрсетілетін қызмет түрлерінің сапасы төмен, ол қаражаттың жоқтығына емес, орталық деңгейде де, жергілікті деңгейде де жоспарлаудың жеткілікті дәрежеде тиімді болмауына байланысты болып отыр.

Инфрақұрылым нысандарын салу бойынша рентабельді жобаларды таңдаудағы басқару шешімдері әрдайым өзін өзі ақтай бермейді.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету тетігін одан әрі жетілдіру қажет.

Денсаулық сақтау, білім беру қызметкерлерінің мемлекет кепілдік берген тегін қызмет түрлеріне ақы алу оқиғалары кездесіп қалады, ал бұл кедейлердің жағдайын қиындататыны белгілі.

### 1.2.5.2. Үкіметтік емес ұйымдардың және кәсіподақтардың кедейлікті төмендетудегі рөлі

Үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) әлеуметтік мәні бар шын мәнінде алуан түрлі бағдарламаларды, оның ішінде кедейлікті еңсеруге тікелей немесе жанама бағытталған бағдарламаларды іске асырумен айналысады.

ҮЕҰ жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, шағын кредит беру, кәсіпкерлікті дамыту, қайырымдылық жасау, халықтың мұқтаж топтарына әлеуметтік қолдау көрсету, дене мүшесінің, психологиялық проблемалары бар адамдарды оңалту, түзеу жұмысы, үмітсіз ауру адамдармен, қатер топтарымен жұмыс жүргізу (нашақорлар, маскүнемдер, қараусыз балалар), адам құқығын қорғау, экология сияқты және басқа да бағдарламаларды іске асыруға қатысады.

Кәсіподақтар Қазақстанда әлеуметтік реформаларды енгізуге бағытталған жұмыстарға келісімдер және келіссөздер арқылы қатысады. Қазіргі кезде жалданып жұмыс істейтін адамдардың еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау

жөніндегі шаралар жүйесі, кәсіподақ бірлестіктерінің қызметі жеткілікті дәрежеде тиімді емес.

"Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың өкілдері, жұмыс берушілер және қызметкерлер арасында мүдделерді келісіп алу жүйесі тиісті дәрежеде дамымай келеді. Республикалық комиссияда шетел инвесторлары қатарынан жұмыс берушілер тарабының өкілі болмай отыр, олар да Қазақстан заңдарын бұзушылыққа жол береді. Республика өңірлерінің көпшілігінде әлеуметтік әріптестік комиссиялары формальды жұмыс істейді, орын алып отырған проблемаларды шешуге, барлық мүдделі мәселелер бойынша әріптестердің хабардарлылығын қамтамасыз етуге, жүргізілетін жұмыстың жариялылығын қамтамасыз етуге бағдарланбаған.

### 1.2.5.3. Жеке меншік сектордың кедейлік деңгейін төмендетудегі рөлі

Кедейлік деңгейін төмендетуде жеке меншік секторы елеулі рөл атқарады. Ол халықтың еңбекке қабілетті бөлігін жұмыспен қамту және күнкөрісі төмендерге қайырымдылық көмегін көрсету жолымен қоғамдағы әлеуметтік шиеленісті төмендетуге ықпал етеді.

Жұмыс берушілерді жұмыс орындарын, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал топтары үшін жұмыс орындарын құруға ынталандыру мүмкіндіктері толық дәрежесінде пайдаланылмайды.

Қайырымдылық бағдарламалары республикада жеткілікті деңгейде дамымай отыр. Олар қазіргі уақытта осы қызметті реттейтін нормативтік құқықтық базаның болмауы салдарынан бақылаусыз дамуда.

### 1.2.5.4. Кедейлердің шешімдер қабылдаудағы рөлі

Әлемдік тәжірибе жергілікті халықтың қатысуымен және көмекті тікелей алушылар - халықтың әлеуметтік осал топтарын тартып, жергілікті деңгейде нақты мақсаттарды шешуге арналған бағдарламалардың кедейлікті төмендетуде ең тиімді бағдарламалар болып табылатынын көрсетуде. Қазіргі уақытта кедей халық өзінің проблемаларын шешуге байланысты бағдарламаларды әзірлеуге және орындауға тартылмаған. Бұл қолданыстағы бағдарламалардың сол кедейлердің қажеттері мен мүмкіндіктерін жете есепке алмау салдарынан өз мақсаттарына жиі қол жеткізе алмайтындығын білдіреді.

Халықаралық зерттеулер, сондай-ақ Қазақстан бойынша зерттеулер қоғамның әртүрлі жіктері кедейлікті түрліше түсінетіндіктеріне айғақ болады. Кедейлік көбінесе білімінің төмен болуымен және өз проблемаларының себептерін қаз-қалпында бағалаудағы қиындықтармен байланыстырылады. Іс жүзінде, егер кедейлерге

себептерді түсінуде көмек көрсетілсе, өз мүдделерін білдіру және ақпарат алу мүмкіндігі берілсе, олар өз проблемаларын шешіп, кедейлікке тиімді түрде қарсы тұра алар еді.

## 2. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

Осы бағдарламаның мақсаты халықтың тұрмыс деңгейіне әсер ететін негізгі экономикалық және әлеуметтік факторларды жақсарту жөніндегі шаралар кешенін іске асыру есебінен кедейлік деңгейін төмендету болып табылады.

Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін Бағдарламада мынадай міндеттерді шешу көзделген, олар:

жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және кәсіпкерлікті Дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау;

қосымша жұмыс орындарын құру, ақылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастыру, жұмыссыздарды кәсіптік оқыту, біліктілігін арттыру және қайта даярлау есебінен жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын одан әрі дамыту және жетілдіру ;

денсаулық сақтау, білім беру салалары, инфрақұрылым (таза ауыз суы, коммуналдық қызметтер, көлік инфрақұрылымы) қызметтерінің тиімділігін және оларға халықтың қол жетімділігін арттыру;

халықтың әлеуметтік осал топтарына атаулы әлеуметтік көмек көрсету тетіктерін жетілдіру;

елде кедейлікті төмендетуде мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру;

қоғамның барлық институттарының: мемлекеттік органдардың, кәсіби одақтардың, жеке сектордың және үкіметтік емес ұйымдардың, оның ішінде кедей халықтың мүддесін білдіретін бірлестіктердің кедейлік проблемаларын шешуге қатысуы мен бірлесіп іс-қимыл жасауын жандандыру.

Қазақстанда кедейлікті азайту жөніндегі міндеттерді шешу:

елдің заңнамасын одан әрі жетілдіру жолымен кәсіпкерлік еркіндігін қамтамасыз ету;

қолданылатын шаралардың тиімділігін және үнемділігін арттыру (қажетті нәтижелерді аз шығындармен қамтамасыз ету);

мемлекеттік органдардың халыққа қызметінің ашықтығын және есеп беруін қамтамасыз ету;

кедейліктің өңірлік, гендерлік, жас шамасы және басқа да ерекшеліктерін есепке алу;

көмек көрсетуде әлеуметтік әділдікті және атаулылықты қамтамасыз ету;

елдегі кедейлік жай-күйін объективті бағалауды қамтамасыз ету қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

Бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай индикаторлар белгіленеді:

| Р/с N | Көрсеткіш | Өлшем бірлі. гі | 2000 жыл факт | 2001 жыл факт | 2002 жыл бағалау | Болжам 2003 ж. | Болжам 2004 ж. | Болжам 2005 ж. |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 1 | Халықтың жан басына шаққанда алынатын жалпы ішкі өнім | АҚШ долла. ры | 1230,2 | 1494 | 1631 | 1736 | 1869 | 2028 |
| 2 | Табыстары ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі | % | 31,8 | 28,4 | 27,0 | 25,0 | 23,0 | 20,0 |
| 3 | Жұмыссыз. дық деңгейі | -//- | 12,8 | 10,4 | 9,4 | 9,0 | 8,5 | 8,1 |
| 4 | Экономикалық белсенді халыққа шаққанда шағын кәсіпкерлік саласында істейтіндер. дің үлесі | -//- | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 |
| 5 | Шағын кредит алған азаматтар саны | мың адам | 4,0 | 1,4 | 6,6 | 23,2 | 23,7 | 24,3 |
| 6 | Кәсіби даярлауға, | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға жіберілген жұмыссыз. дар саны | мың адам | 12,8 | 21,3 | 20,4 | 21,2 | 22,3 | 23,7 |
| 7 | Қоғамдық жұмыстарға қатысқан жұмыссыз. дар саны | -//- | 116,4 | 132,5 | 134,0 | 135,0 | 136,0 | 137,0 |
| 8 | Ауыз сумен қамтамасыз етілмеген халықтың үлесі: | | | | | | | |
| | қалалық | | 15 | 14 | 13 | 11 | 9 | 6 |
| | ауылдық | % | 29 | 27 | 25 | 22 | 20 | 15 |
| 9 | Ауылдық жердегі пәтер телефондары жоқ отбасылар үлесі* | -//- | 81,4 | 78,9 | 77,9 | 77,5 | 77,1 | 76,4 |
| 10 | 5-6 жастағы балалардың мектеп алды даярлығымен қамтылу деңгейі | -//- | 70 | 82 | 82 | 85 | 90 | 90 |
| 11 | Туберкулез. ден қайтыс болу | 100 мың адамға | 26,6 | 24,5 | 25,4 | 24,6 | 23,9 | 23,2 |
| 12 | Туберкулез. бен ауру | 100 мың адамға | 153,2 | 155,7 | 170,7 | 168,0 | 165,0 | 160,0 |
| 13 | Сәбилер өлімі | 1 мың тірі | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | туылғанға | 19,6 | 19,4 | 19,4 | 19,0 | 18,8 | 18,6 |
| 14 | Аналар өлімі 100 мың тірі туылғанға | 60,9 | 48,6 | 66,4 | 62,4 | 60,2 | 50,6 |
| 15 | Халықтың алдағы өмірінің орташа ұзақтығы, жылдар соның ішінде: саны | 65,4 | 65,6 | 66,4 | 66,6 | 67,0 | 67,4 |
| | ерлер | 59,8 | 60,3 | 60,3 | 60,6 | 61,3 | 62,0 |
| | әйелдер | 71,3 | 71,1 | 72,1 | 72,2 | 72,3 | 72,5 |

---

* жедел деректер

# 3. КЕДЕЙЛІКТІ АЗАЙТУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

## 3.1. Кедейлікті сипаттайтын көрсеткіштерді жетілдіру жөніндегі шаралар

Кедейлікті сипаттайтын көрсеткіштерді жетілдіру үшін:

азық-түлік және азық-түліктік емес тауарлар мен қызмет түрлеріне (тұрғын үйді күтіп ұстау, көліктік шығыстар) жұмсалатын нақты шығындарды ескере отырып, ең төменгі күнкөріс деңгейі мен құрылымына талдау жасау;

денсаулық сақтау және білім беру қызметтеріне қол жетімділігі дәрежесін мейлінше дәл көрсететін индикаторларды айқындау немесе әзірлеу және оларды статистикалық есептілік жүйесіне енгізу;

сумен жабдықтау қызметтерін көрсетуіне, коммуналдық қызметтер көрсетуіне, көлік инфрақұрылымына қол жетімділігі индикаторларын әзірлеу қажет.

## 3.2. Халықтың әлеуметтік осал топтарында кедейлікті азайту жөніндегі шаралар

Табысы төмен және көп балалы отбасыларының балалары Табысы төмен отбасыларды мемлекеттік қолдау "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңы шеңберінде жүзеге асырылатын болады. Жалпыға

бірдей міндетті орта білім қорынан қаржы бөлу әртүрлі көздерден алынатын деректердің (үй шаруашылықтарын зерттеу, әлеуметтік карталар, ата-аналардың өтiнiштерi) көмегімен айқындалған көп балалы кедей отбасыларының үлесіне сәйкес сараланған және негізделген түрде жүргізілуі тиіс.

Ұзақ уақыт бойы жұмыссыз жүргендер

Қоғамдық жұмыстарды, кәсіпкерлікке үйретуді, кәсіптік қайта оқытуды және қайта даярлауды ұйымдастыру, әлеуметтік оңалту жөнінде жұмыстар жүргізу кезінде ұзақ уақыт бойы жұмыссыз жүргендерге басым көңіл бөлінеді.

Оқымайтын және жұмыс істемейтін жастар

Оқымайтын және жұмыс істемейтін жастарды анықтау және оларды еңбек пен әлеуметтік өмірге, оның ішінде олар үшін тартымды қызмет салаларына тарту жөнінде шаралар қабылдау.

Оқымайтын және жұмыс істемейтін жастарды еңбекке, спортқа және өнерге тарту арқылы оларды есірткі мен алкоголь тұтынудан, қылмыстық топтарға қатысудан сақтандыру мақсатында олармен ақпараттық және насихат жұмыстарын ұйымдастыру.

Жалғызілікті қариялар

Үкіметтік емес және басқа да ұйымдарды жалғызілікті қарияларға күтім жасауға тарту жөніндегі жұмысты жандандыру. Оларға көмек көрсету жөнінде әлеуметтік қызметтер құру мүмкіндігін қарастыру.

Мүгедектер

Мүгедектерді еңбек қызметіне тарту үшін жағдайлар жасау, олардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға жәрдемдесетін инфрақұрылымды жетілдіру есебінен олардың толыққанды өмірге қатысу мүмкіндіктерін кеңейту.

Мүгедектерді оңалтудың техникалық құралдарымен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдану.

Межелік топтар

Межелік топтар арасында кедейлікті азайтуға бағытталған негізгі шаралар алдын алу шаралары болып табылады. Атап айтқанда, үкіметтік емес ұйымдарды тарта отырып, мектептерде, интернаттарда, арнаулы мекемелерде, оңалту орталықтарында және бас бостандығынан айыру орындарында алдын алу жұмысын күшейту қажет. Межелік топтарға жататын адамдарды тиімді әлеуметтік бейімдеуге жәрдемдесетін нормативтік құқықтық база әзірлеу қажет. Межелік топтардың қоғам өміріне теріс ықпалын азайту жөнінде арнайы іс-шаралар жүргізу керек.

Халықтың әлеуметтік осал топтарының межеленуін азайту мақсатында бас бостандығынан айыру орындарынан босаған адамдарды Уақытша оңалту және бейімдеу орталықтарының және белгілі бір тұрағы жоқ адамдарға арналған Әлеуметтік бейімдеу орталықтарының жұмыс істеп тұрған желісін жетілдіру қажет.

## 3.3. Республикада халықтың кедейлік деңгейін азайту жөніндегі шаралар

### 3.3.1. Экономиканың дамуы және кедейлікті азайту

#### 3.3.1.1. Экономикалық өсуді қамтамасыз ету және кедейлікті азайту

Экономиканың одан әрі дамуын және кедейлікті азайтуды қамтамасыз ету үшін:

инновациялық процестерді ынталандыру, еңбек өнімділігін арттыру, жаңа жұмыс орындарын құру арқылы экономиканың одан әрі дамуы үшін жағдайлар жасау;

бизнес ашу және оны дамыту үшін оңайлатылған тәртіп және қолайлы жағдайлар жасау;

заңнаманы жетілдіру, инфрақұрылымды жақсарту, лизингтік қатынастар негізінде ауыл тауар өндірушілерін материалдық-техникалық қамтамасыз ету жүйесін құру, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің кредит ресурстарына қол жетімділігін қамтамасыз ету, ауыл халқының нарықтық сауатын көтеру, ауыл шаруашылығының біртұтас ақпараттық-маркетинг жүйесін жетілдіру есебінен аграрлық сектордың өнімділігін арттыру үшін жағдайлар жасау арқылы оны одан әрі дамыту жөнінде шаралар қабылдау;

мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік органдар мен мекемелер қызметкерлерінің жалақысын кезең-кезеңмен арттыру;

салық салынатын базаны арттыру мақсатымен экономиканың "көлеңкелі" секторының көлемін қысқарту жөнінде шаралар қабылдау, жасырын бизнес, шаруашылық субъектілердің табыстарды жасырып қалу факторларының алдын алу, анықтау және жою жөніндегі шараларды күшейту;

кедейлік проблемаларын шешуде облыстардың әлеуетін пайдалану тиімділігін арттыру;

ҮЕҰ-ды және кедей халықты шешімдер қабылдау процесіне тарту арқылы экономикалық өсуді және әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ету үшін әлеуметтік әріптестік тетігін жетілдіру қажет.

#### 3.3.1.2. Жұмыспен қамтуды арттыру және жұмыссыздықты азайту

Еңбек рыногындағы ахуалды жақсарту мақсатында мынадай шаралар қабылдау:

1) республикалық деңгейде:

жұмыс күшін өзара алмасу мақсатында өңірлердегі еңбек рыногының мониторингін жүргізу;

жұмыс орындарын құруға жұмыс берушілерді ынталандыру жөнінде шаралар

қолдану;

экономиканың қажеттіліктерін ескере отырып, кәсіби даярлау және қайта даярлау курстарын ұйымдастыру арқылы жұмыс күшінің біліктілігін арттыру;

халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуына мониторинг жүргізу жүйесін құру жөнінде шаралар қабылдау;

2) жергілікті деңгейде:

еңбек рыногында белсенді саясат жүргізу жөніндегі шараларды жалғастыру;

жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдар жанында өңірдегі еңбек рыногына мониторинг жүргізу, соның ішінде ұзақ уақыт бойы жұмыссыз жүргендерді есепке ала отырып жүргізу;

үйде еңбек етуді қоса алғанда, бос орындар бойынша ақпараттық дерекқорды жетілдіру және бос орындар жәрмеңкелерін тұрақты түрде өткізіп тұру;

жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдардың жұмыссыздарға олардың еңбек құқықтары мәселелері бойынша консультация беру жөнінде қызмет көрсетуі;

жұмыспен қамту, еңбекақы төлеу және еңбек жағдайлары мәселелерін шешуде әлеуметтік әріптестіктің рөлін арттыру қажет.

Мақсатты топтардың өкілдерін жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсатында:

жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;

жұмыс берушілерді мүгедектерді жұмысқа қабылдауын ынталандыру тетіктерін әзірлеу;

жаңа жұмыс орындарын құру кезінде еңбек рыногының сұранысын ескеру;

әсіресе ауылдық жерлерде ұлттық көркем және басқа да кәсіпшіліктерді дамытуға көмек көрсету;

жергілікті атқарушы органдардың, ҮЕҰ-ның бірлескен күш-жігерімен әлеуметтік бейімдеу, өзін-өзі қолға алу, белсенділік жөнінде халықаралық тренингтер ұйымдастыру қажет.

Өңірлік деңгейде жұмыссыздық деңгейін төмендету жөніндегі мақсаттарға қол жеткізу үшін жергілікті атқарушы органдарға мынадай индикаторлар белгіленеді:

пайызбен

| N N | Өңірдің атауы | Жұмыссыздық деңгейі | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 2002 ж. | болжам | | |
| | | баға | 2003 ж. | 2004 ж. | 2005 ж. |
| 1 | Ақмола | 9,0 | 8,5 | 8,2 | 7,7 |
| 2 | Ақтөбе | 11,1 | 10,5 | 9,6 | 8,3 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | Алматы | 9,7 | 9,6 | 9,5 | 9,3 |
| 4 | Атырау | 12,3 | 11,7 | 11,4 | 11,1 |
| 5 | Шығыс Қазақстан | 7,3 | 7,2 | 7,1 | 7,0 |
| 6 | Жамбыл | 12,1 | 11,4 | 10,8 | 10,0 |
| 7 | Батыс Қазақстан | 11,5 | 11,0 | 10,7 | 10,4 |
| 8 | Қарағанды | 8,5 | 8,3 | 7,8 | 7,5 |
| 9 | Қостанай | 13,3 | 12,9 | 12,6 | 12,1 |
| 10 | Қызылорда | 9,0 | 8,1 | 7,3 | 7,2 |
| 11 | Маңғыстау | 10,0 | 8,8 | 7,7 | 6,5 |
| 12 | Павлодар | 8,4 | 7,9 | 7,6 | 7,4 |
| 13 | Солтүстік Қазақстан | 8,0 | 7,2 | 6,6 | 6,4 |
| 14 | Оңтүстік Қазақстан | 9,3 | 9,0 | 8,5 | 8,2 |
| 15 | Алматы қаласы | 9,5 | 8,9 | 8,5 | 8,0 |
| 16 | Астана қаласы | 7,2 | 5,4 | 4,1 | 3,0 |
| 17 | Қазақстан Республикасы | 9,4 | 9,0 | 8,5 | 8,1 |

### 3.3.1.3. Шағын бизнесті дамыту

Орын алып отырған кемшіліктерді жою және шағын кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы жағдайлар жасау үшін:

Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамытудың және қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру;

жергілікті атқарушы органдар тарапынан қолдау көрсету арқылы халықтың кедей жіктерінің шағын бизнеске қатысуға қол жетімділігін қамтамасыз ету;

бизнес жүргізу және кәсіпкерлік қызметпен айналысу негіздеріне оқыту орталықтарын құру жөніндегі жұмысты күшейту;

тоқтап тұрған кәсіпорындарды және тиімділігі аз өндірістерді белгіленген тәртіппен кейіннен шағын кәсіпкерлік субъектілеріне бере отырып, оларды сегменттеуді одан әрі жалғастыру;

бизнес-инкубаторлар құру жөніндегі жұмысты жалғастыру, сондай-ақ бұл үрдіске үкіметтік емес ұйымдарды тартуды жандандыру;

шағын кәсіпкерлік саласына кредиттік ресурстар тартуға ықпал ету;

өзін-өзі қамтушыларға өз ісін ұйымдастыруда арнайы көмек шараларын әзірлеу қажет.

### 3.3.1.4. Қоғамдық жұмыстардың тиімділігін арттыру

Қоғамдық жұмыстардың тиімділігін арттыру мақсатында мынадай шаралар қабылдау:

өңірлердің ерекшеліктерін ескере отырып, қоғамдық жұмыстар ұйымдастыру жүйесіне экономикалық қажеттілік сипатын беріп, оны жетілдіре түсу;

аудан, қала, ауыл инфрақұрылымын дамытуға бағытталған қоғамдық жұмыстарды басым түрде ұйымдастыру;

қоғамдық жұмыстар бойынша берешектерге жол бермеу;

ауылдық жерлерде қоғамдық жұмыстар ұйымдастыруды жандандыру;

кедейлердің қоғамдық жұмыстарға қатысуына мониторинг жүргізу тетігін жетілдіру ;

халықтың неғұрлым осал топтары үшін (кәмелетке толмаған балалар тәрбиелеуші жалғызілікті көп балалы ата-аналар, зейнетке шығуына екі жылы қалған зейнет алдындағы жастағылар, мүгедектер) қоғамдық жұмыс түрлерін көбейту қажет.

### 3.3.1.5. Кәсіби даярлауды және қайта даярлауды жақсарту

Жұмыссыздарды кәсіби даярлау және қайта даярлау жүйесінің пәрменділігін арттыру мақсатында мынадай шаралар қабылдау:

облыстық, қалалық, аудандық еңбек рыноктарының жұмыс күшіне қажеттілігіне жүйелі түрде мониторинг жүргізіп тұру;

жергілікті еңбек рыногындағы қажеттілікті ескере отырып, жұмыссыздарды кәсіби даярлау және қайта даярлау жүйесін жетілдіру;

бастауыш кәсіптік білім беретін мемлекеттік мекемелерінің материалдық-техникалық базасын сақтау және дамыту жөнінде шаралар қабылдау;

жергілікті деңгейде жұмыссыздарды даярлау және қайта даярлау қажеттілігін айқындауға, әзірлеуге және өткізуге ықпал ету мақсатында ұйымдардың, кәсіби одақтардың, ҮЕҰ-дың, жергілікті атқарушы органдардың, оқу орындарының ынтымақтастығын ынталандыру;

жұмысшылар мен мамандар даярлауды реттеу мақсатында еңбек рыногындағы сұраныс құрылымының өзгеру үрдістерінің орта және ұзақ мерзімді болжамдау әдістемесін әзірлеу;

еңбек құқығына міндетті түрде оқыта отырып, шаруашылықты нарықтық сипатта жүргізуге оқытудың неғұрлым тиімді білім беру бағдарламаларын қамтитын оқудың жаңа нысандары мен әдістерін қалыптастыру;

мүгедектерді оқыту жөнінде арнайы шаралар әзірлеу;

ауыл қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және олардың жаңа мамандықтар алуы үшін жағдайлар жасау;

еңбек рыногының қажеттіліктеріне сәйкес шағын қалаларда оқу-өндірістік курстар ұйымдастыру қажет.

### 3.3.1.6. Микрокредит беруді кеңейту жөніндегі шаралар

Елде микрокредит берудің пәрменді жүйесін құру мақсатында: "Микрокредиттік ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау; микрокредиттеу схемаларын барынша орталықсыздандыруды қамтамасыз ету; елде микрокредиттік ұйымдардың (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге құқығы бар банктік емес құрылымдар) қызметі үшін қолайлы жағдайлар жасау;

микрокредит ресурстарын беру рыногындағы сұраныс пен ұсыныстың теңдестігіне талдау жүргізу;

микрокредиттеудің негізгі мақсатты топтарын айқындау;

халықтың әлеуметтік осал топтарына, әсіресе әйелдерге - жалғызілікті және көп балалы аналарға гранттар мен кредиттерді басым түрде беруді қамтамасыз ету;

өз бизнесін ұйымдастыруда ауыл әйелдеріне (оқыту, микрокредиттеу), әйелдер басқаратын шағын кәсіпорындарға қолдау көрсету жөнінде шаралар қолдану;

микрокредит берудің табысты практикасының мысалдарын белсенді түрде насихаттау қажет.

### 3.3.2. Әлеуметтік саланы дамыту

#### 3.3.2.1. Демографиялық және көші-қон факторларының кедейлікке әсерін бәсеңдету жөніндегі шаралар

Демографиялық факторлардың кедейлікке әсерін бәсеңдету мақсатында мынадай шараларды қолдану:

Әзірленіп жатқан Қазақстан Республикасының демографиялық және көші-қон саясатының 2004-2010 жылдарға арналған бағдарламасында көп балалы отбасыларын қолдау жөнінде шаралар көздеу;

аналардың репродукциялық денсаулығын нығайту жөніндегі шараларды көздеу;

әсіресе көп балалы отбасылар саны көп аудандарда халықтың отбасын жоспарлау жөніндегі ақпаратқа қол жетімділігін жақсарту;

халықтың репродукциялық жүйесіне қатысты ауруларды алдын ала анықтауды және емдеуді қамтамасыз ету қажет.

Көші-қонның кедейлікке ықпалын төмендету мақсатында мынадай шаралар қолдану:

ауыл халқын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөнінде арнайы шаралар дайындау және жүзеге асыру, ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын нығайту жолымен көші-қон орын алып отырған жерлерде жұмыспен қамтудың нәтижелі болуын қамтамасыз ету;

еңбек көші-қонын реттеу тетігін жетілдіру;

оралмандарды жайғастыруға және жұмысқа орналастыруға, олардың келіп қоныстанған жерлерде олардың жергілікті әлеуметтік ортаға бейімделуіне барынша

көмек көрсету;

көшіп келу квотасы бойынша қоныс аударған оралмандарды қабылдау, орналастыру, жайғастыру және тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету;

босқын ретінде танылған адамдардың әлеуметтік ортаға кірігуі және олардың шыққан мемлекеттеріне өз еркімен қайтып оралуы үшін жағдайлар жасалуын қамтамасыз ету қажет.

### 3.3.2.2. Халықтың денсаулық сақтау қызметтеріне қол жетімділігін жақсарту жөніндегі шаралар

Халықтың денсаулық сақтау қызметтеріне қол жетімділігін жақсарту үшін:

халыққа тегін көрсетілетін медициналық көмектің кепілді көлемінің орындалуын қамтамасыз ету;

медицина қызметкерлерін ауылдық жерде жұмыс істеуге тарту жөнінде шаралар қолдану;

әсіресе ауылдық жерде аурулардың алдын алуға бағдарланған бастапқы медициналық-санитариялық көмекті, сондай-ақ бірінші кезекте - халықтың әлеуметтік осал топтары үшін медициналық көмектің жаңа ұйымдық нысандарын (мысалы, күндізгі стационарлар, үйдегі стационарлар, ауылдық жердегі медициналық көмектің, оның ішінде дәрі-дәрмекпен көмектесудің ұтқыр нысандары) басым дамыту;

қалалық және ауылдық жерлер бөлінісінде әйелдердің акушер- гинекологтармен, акушеркалармен және балалардың бала дәрігерлерімен қамтамасыз етілу нормативтерін әзірлеу;

өмірлік маңызы зор дәрілік заттардың айналымына мемлекеттік бақылауды күшейту және дәрілік заттардың құнын арзандату мақсатымен отандық фармацевтика өнеркәсібін дамыту;

туберкулезбен, қаны аздықпен және басқа да әлеуметтік маңызы бар аурулармен күрес жүргізу тиімділігін арттыру;

бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып салауатты өмір салтын насихаттауды күшейту;

әсіресе жастар арасында ЖҚТБ/АҚТҚ-ның алдын алу жөнінде түсіндіру жұмысын жүргізу;

омыраумен тамақтандырудың кеңейтілген бағдарламаларын іске асыру, сондай-ақ тыныс жолдарының вирустық және ішек инфекцияларының, балалар тамағы рационындағы йод және темір тапшылығының алдын алу және басқа да шаралар есебінен сәбилер мен балалар өлімінің алдын алуды қамтамасыз ету;

аналар өлімін азайту жөнінде шаралар қабылдау;

отбасын жоспарлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөнінде шаралар әзірлеу;

денсаулық сақтаудың мемлекеттік емес секторын одан әрі дамыту жөнінде шаралар қабылдау қажет.

### 3.3.2.3. Халықтың білім беру қызметтеріне қол жетімділігін жақсарту

Халықтың білім беру қызметтеріне қол жетімділігін жақсарту үшін:

бірінші кезекте ауылдық жерде жалпы білім беру мектептері желісін дамыту;

мектепке дейінгі және мектептен тыс білім беру ұйымдары, бастауыш және орта кәсіптік білім беру оқу орындары желісін дамыту;

барлық үлгідегі интернат мекемелері желісін кешкі мектептер, оқу-консультациялық пункттер желісін дамыту;

ауылдық жердегі шалғай аудандардың бастауыш және орта кәсіптік білім беру оқу орындарының оқушыларын жатақханаларға орналастыру мәселесін шешу;

балаларды мектептерге кідіріссіз жеткізуді және оларды сабақтан кейін үйлеріне алып келуді қамтамасыз ету;

біліммен қамтылмаған мектеп жасындағы балаларды анықтау және оларды мектепке қайтару үшін жұртшылықтың кеңінен тартылуын қамтамасыз ету;

оқу орындарына бармай жүрген мектеп жасындағы балаларды есепке алу тетігін жетілдіру;

әлеуметтік жағынан осал отбасыларының балалары үшін жалпыға бірдей міндетті орта білім беру қорларының қаражаты есебінен жалпы білім беретін мектептерде ыстық тамақ берілуін кеңейту;

әлеуметтік осал отбасыларының балаларына киім-кешек, оқу құралдарын сатып алуда көмек көрсету;

әлеуметтік осал отбасыларының балаларына жергілікті бюджеттер есебінен жазғы демалыс ұйымдастыру;

жалпыға бірдей міндетті орта білім беру қорларына бюджет қаражатының дер кезінде және толық аударылуын қамтамасыз ету;

қараусыз балаларға арналған уақытша ұстайтын баспана-үйлерінің жұмыс істеп тұрған желісін жетілдіру қажет.

### 3.3.2.4. Халықтың әлеуметтік осал топтарына мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіру

Халықты әлеуметтік қорғаудың қазіргі жүйесін талдау негізінде мынадай шаралар қолдану:

отбасының әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштерін барынша нақты талдау негізінде мұқтаждықты, кіріс, мүлік деңгейін және мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің басқа да өлшемдерін бағалау әдістерін жетілдіру;

ең төменгі жалақы мөлшерін ең төменгі күнкөріс деңгейіне дейін кезең-кезеңмен жеткізу;

халықты әлеуметтік қорғаумен айналысатын мемлекеттік органдар арасында функцияларды үйлестіруді күшейту және айқын бөлу есебінен әлеуметтік көмек бағдарламаларын әкімшілік басқару тиімділігін арттыру;

әлеуметтік төлемдер алушыларды сәйкестендірудің бірыңғай жүйесін әзірлеу және олардың тіркелімін практикаға енгізу;

халықтың тұрмыс деңгейін арттыруға бағытталған әлеуметтік бағдарламалардың тиімділігін бағалау әдістемесін жетілдіру;

жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамытудың нормативтік құқықтық базасын жетілдіру;

көмек алушыларды тұрмыстық проблемаларды шешуде бастамашылық пен тапқырлық танытуға ынталандыратын, әлеуметтік масылдық пиғылды болдырмауға бағытталған тетіктер әзірлеу;

тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдер мен балалар үшін дағдарыс орталықтарын құру қажет.

### 3.3.3. Инфрақұрылымды дамыту

#### 3.3.3.1. Халықтың тұрғын үймен және коммунальдық қызметтермен қамтамасыз етілуін жақсарту жөніндегі шаралар

Халықтың тұрғын үймен және коммунальдық қызметтермен қамтамасыз етілуі үшін :

халықтың тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін ұзақ мерзімді несие беру жүйесін жетілдіру;

тұрғын үйлерді және әлеуметтік сала объектілерін қайта жаңарту және салу жобаларын әзірлеу мен іске асыру кезінде дене мүмкіндіктері шектеулі азаматтар үшін жағдайлар көздеу;

ауылдық жерде электр энергиясын тұрақты беруді қамтамасыз ету, сондай-ақ электр тұтынуды есепке алу жүйелерін енгізу жөнінде шаралар әзірлеу;

ауылдық елді мекендерді газдандыру жөнінде шаралар қолдану;

табиғи монополиялар субъектілерінің ұсынылатын қызметтерге бағалар мен тарифтер белгілеуінің ашықтығы мен негізділігін қамтамасыз ететін олардың қызметіне мониторинг жүргізу жүйесін жетілдіру қажет.

#### 3.3.3.2. Халықты сумен қамтамасыз етуді жақсарту жөніндегі шаралар

Халықты сумен, соның ішінде таза ауыз сумен қамтамасыз етуді жақсарту жөніндегі шаралар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 93 қаулысымен бекітілген 2002-2010 жылдарға арналған "Ауыз су" салалық бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Аталған Бағдарламаға сәйкес ел халқының кедейлігін азайту мәселелері мынадай шараларды іске асыру арқылы шешімін табатын болады, олар:

мейлінше мұқтаж елді мекендерді сумен қамтамасыз ету және ауыз сумен, коммунальдық-тұрмыстық және шаруашылық сумен жабдықтауды жақсарту жөнінде бірінші кезектегі шараларды әзірлеу;

республикалық және жергілікті инвестициялық жобалар шеңберінде іске асырылатын ауыз сумен жабдықтау объектілерін оңалту және салу жобаларын, су шаруашылығы бойынша жобаларды басым қаржыландыруды қамтамасыз ету;

табиғи су тоғандары мен су көздерінен шалғай республиканың ауылдық елді мекендері мен өңірлерін сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін магистральдық топтама су құбырлары мен сумен жабдықтау объектілерін жөндеу және қайта жаңарту;

ауыл шаруашылығын орнықты жүргізу және су ресурстарын тиімді пайдалану жөнінде халыққа көмек көрсетуге бағытталған Қызылорда облысының су пайдаланушылар қауымдастығының тәжірибесін қолдану жөнінде шаралар қабылдау;

ауыз су көздері қатты ластанған аудандарда (Атырау, Маңғыстау, Қызылорда облыстары, Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарының жекелеген аудандары) халықтың қолы жететіндей бағамен бөтелкеге құйылған су өндірісін ұйымдастыру мәселелерін пысықтау;

су шаруашылығы объектілерін қайта жаңартуға және пайдалануға бағытталған қаражаттың мақсатты пайдаланылуына бақылауды күшейту;

қайталанбалы және айналмалы сумен жабдықтауды барынша пайдаланып ресурстар үнемдейтін технологиялар енгізу кәсіпорындарда айналмалы және қайта пайдаланылатын су көлемін ұлғайту.

### 3.3.3.3. Халықты жолмен, көлікпен, байланыс қызметтерімен қамтамасыз етуді жақсарту жөніндегі шаралар

Халықты жолмен, көлікпен және байланыс қызметтерімен қамтамасыз етуді жақсарту үшін:

ауылдық елді мекендермен байланыстырылатын автомобиль жолдарын оңалтудың және салудың өңірлік бағдарламаларын қабылдау;

республика өңірлерінде денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт салаларының мемлекет кепілдік берген қызметтерін алатын орындарға көлікпен баруға тұрғындардың барынша аз уақыт жұмсауын қамтамасыз ететін нормативтер әзірлеу;

елді мекендердің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету объектілерін қолдауға,

жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын қайта жаңартуға, инфрақұрылымды дамытудың әлеуметтік маңызы бар жобаларын іске асыруға бағытталған жергілікті инвестициялық жобаларды басыңқы жобалар ретінде айқындау;

телекоммуникация қызметтерінің ең төменгі жиынтығын айқындау және оларды халқының адам саны 200 және одан да көп ауылдық елді мекендер тұрғындарына ұсынуды қамтамасыз ету;

почта байланысы қызметтерінің ең төменгі жиынтығын айқындау және олардың шалғайдағы ауылдық және халқы аз елді мекендер тұрғындарына сапалы берілуін қамтамасыз ету;

ауылдық емдеу-сауықтыру ұйымдарын (фельдшерлік-акушерлік пункттер, ауылдық дәрігерлік амбулаториялар, ауылдық учаскелік ауруханалар) телефондандыру қажет.

## 3.3.4. Өңірлік деңгейдегі кедейлікті азайту және қолайсыз экологиялық факторлардың кедейлікке әсері

### 3.3.4.1. Өңірлік деңгейдегі кедейлікті азайту жөніндегі шаралар

Облыстардың әлеуметтік және экономикалық даму деңгейлеріндегі айырмашылықтарды қысқарту арқылы тұрмыс деңгейіндегі өңіраралық теңсіздікті кеміту кедейлікті азайтудың маңызды факторы болып табылады, ол үшін:

жаңа жұмыс орындарын құру және халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мақсатында экономикасы шикізат бағытындағы өңірлерде өңдеуші өндірістерді дамыту жөнінде шаралар қолдану;

даму келешегі бар экономикасы тоқыраудан өңірлерде отандық және шетелдік инвестицияларды тарту жөнінде шаралар әзірлеу;

Қазақстан аумағында тұратын жеріне қарамастан әлеуметтік көмектің заңнамамен белгіленген түрлеріне халықтың бірдей қол жетімділігін қамтамасыз ету;

адамдардың тиімсіз өндіріс аймақтарынан тұруға және жұмысқа қолайлы өңірлерге көшуіне ықпал ететін шаралар әзірлеу;

кедейлікті азайту жөніндегі өңірлік бағдарламалар шегінде кедейлік шегінен төмен деңгейде тұратын азаматтардың санын азайтуды қамтамасыз ету қажет.

Өңірлік деңгейдегі кедейлікті азайту жөніндегі мақсаттарға қол жеткізу үшін жергілікті атқарушы органдарға мынадай индикаторлар белгіленеді:

адам саны

| N N | Өңірдің атауы | Кедейлік шегінен төмен деңгейде тұратын азаматтар саны (жылдың соңына) |
|---|---|---|

| № | | 2002 ж. | 2003 ж. | 2004 ж. | 2005 ж. |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ақмола | 44376 | 35501 | 28401 | 22721 |
| 2 | Ақтөбе | 92518 | 74014 | 59212 | 47369 |
| 3 | Алматы | 160000 | 128000 | 102400 | 81920 |
| 4 | Атырау | 67056 | 53645 | 42916 | 34333 |
| 5 | Шығыс Қазақстан | 166937 | 133550 | 106840 | 85472 |
| 6 | Жамбыл | 136645 | 109316 | 87453 | 69962 |
| 7 | Батыс Қазақстан | 60511 | 48409 | 38727 | 30982 |
| 8 | Қарағанды | 72961 | 58369 | 46695 | 37356 |
| 9 | Қызылорда | 145853 | 116682 | 93346 | 74677 |
| 10 | Қостанай | 52794 | 42235 | 33788 | 27031 |
| 11 | Маңғыстау | 26118 | 20894 | 16716 | 13372 |
| 12 | Павлодар | 61687 | 49350 | 39480 | 31584 |
| 13 | Солтүстік Қазақстан облысы | 56637 | 45310 | 36248 | 28998 |
| 14 | Оңтүстік Қазақстан облысы | 117195 | 93756 | 75005 | 60004 |
| 15 | Алматы қаласы | 18806 | 15045 | 12036 | 9629 |
| 16 | Астана қаласы | 15400 | 12320 | 9856 | 7885 |
| 17 | Қазақстан Республикасы | 1295494 | 1036395 | 829116 | 663293 |

Кедендік шегінен төмен деңгейде тұратын азаматтардың санын 2003 жылдан 2005 жылға дейінгі, кезеңдер 632201 азаматқа азайту жоспарланып отыр.

Кедейлік шегінен төмен деңгейде тұратын еңбек жасындағы азаматтар санын шағын несие беру, жұмыс орындарын құру, кәсіби оқу, әлеуметтік жұмыс орындарын құру арқылы жұмыспен қамту саласында белсенді іс-шаралар жүргізу есебінен азайту көзделіп отыр.

Сонымен бірге өңірлерде кедейлік шегінен төмен деңгейде тұратын табысы аз азаматтардың санын сондай-ақ зейнетақылар, жәрдемақылар және ең төменгі еңбекақы мөлшерін ұлғайту есебінен азайту көзделіп отыр.

### 3.3.4.2. Шағын қалалардағы кедейлікті азайту

Шағын қалалардағы кедейлікті азайту үшін мынадай шаралар қолдану:

әр қаланың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін басшылыққа ала отырып, шағын қалаларды дамыту бағдарламасын әзірлеу;

экономикалық тиімділік өлшемін басшылыққа ала отырып, экономикасы тоқыраған

шағын қалаларға инвестициялық көмек көрсетуді қамтамасыз ету;
тиімсіз кәсіпорындарды қайта құрылымдап, олардың негізінде қажетті ресурстары бар жаңа перспективалы өндірістер ашу;
өндірісті әртараптандыруды қамтамасыз ету;
таратылған кәсіпорындар негізінде шағын кәсіпкерлікті дамытуды қамтамасыз ету;
шағын қалаларға біліктілігі жоғары кадрларды тарту үшін жағдайлар жасау және ынталандыру;
ҮЕҰ тарапынан бизнес-орталықтар мен бизнес-инкубаторлар ұйымдастыруда көмек көрсету қажет.

### 3.3.4.3. Ауылдық жерлердегі кедейлікті азайту

Жалпы алғанда аграрлық саясатты және атап айтқанда, кірістерді қалыптастыру саясатын жетілдіру ауылдағы кедейлікті азайтудың басым бағыттары болуға тиіс, ол үшін:
несие саясаты арқылы ауылшаруашылық тауар өндірушілерін мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету;
ауылшаруашылық техникасының лизингін дамыту;
ауылшаруашылық өнімдерін сатып алу орындарының желісін дамытуға жәрдемдесу;
келешегі жоқ өңірлерден дамып келе жатқан өңірлерге, аудан орталықтарына және шағын қалаларға ішкі көші-қонды ынталандыру жөнінде шаралар қолдану;
ауылшаруашылық өндірісі мамандарын даярлау үшін кәсіби мектептер (лицейлер) желісін сақтау және дамыту жөнінде шаралар қолдану;
ауылдық несие серіктестіктерінің дамуы үшін жағдайлар жасау;
өзін өзі жұмыспен қамту саласы ретінде жеке қосалқы шаруашылықты дамыту үшін жағдайлар жасау;
қол жетімді жергілікті шикізат пен табиғи материалдарды пайдаланып, дәстүрлі қол өнері мен ұсақ кәсіпшіліктерді дамыту үшін жағдайлар жасау;
ауыл тұрғындарына бөлінген егістік жерлерді пайдалану тиімділігіне талдау жасау және жерді өңдеуде, тұқым, тыңайтқыштар, жанар-жағар май материалдарын сатып алуда көмек көрсету;
ауылдық аудандарда сатып алу-дайындау орындарын ұйымдастыруда көмек көрсету қажет.

### 3.3.4.4. Халық кедейлігіне экологиялық факторлардың қолайсыз әсерін төмендету жөніндегі шаралар

Халық кедейлігіне экологиялық факторлардың әсерін төмендету мақсатында:
экологиялық ахуал және халық денсаулығына қатердің болуы туралы шынайы және

толық ақпаратқа халықтың кеңінен қол жетімділігін қамтамасыз ету;

халық арасында табиғи ресурстарға, соның ішінде жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне ұқыпты қарау қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

меншік нысандарына қарамастан табиғат пайдаланушылардың - заңды және жеке тұлғалардың экологиялық талаптарды орындауына бақылауды күшейту;

табиғи ресурстарды кешенді пайдаланудың ғылыми негізделген схемаларын қолдану қажет.

## 3.3.5. Қоғам институттарының халықтың кедейлік деңгейін төмендету жөніндегі қызметін жақсарту шаралары

### 3.3.5.1. Мемлекеттік органдардың кедейлік деңгейін төмендету жөніндегі қызметін жетілдіру шаралары

Кедейлікті азайтуда мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру үшін:

халықты әлеуметтік қорғаудың нормативтік құқықтық базасын одан әрі жетілдіру жөнінде шаралар қолдану;

халықтың тұрмыс деңгейіне пәрменді мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету және оны арттыру жөнінде барабар шараларды дер кезінде қолдану;

әлеуметтік нормативтер негізінде ел халқын әлеуметтік сала қызметтерімен (білім, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт) қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдану;

әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруға бағытталған бюджет қаражатының дер кезінде және толық аударылуын қамтамасыз ету;

алғашқы медициналық көмек, негізгі білім беру қызметтерін, атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге бағытталатын қаражаттың мақсатты жұмсалуына бақылауды күшейту, бағалаудың нақты рәсімдері мен өлшемдерін пайдалана отырып, мониторинг жүйесін енгізу;

табиғи монополиялар субъектілері шығындарының құрамын қалыптастыру кезінде ең алдымен олардың негізділігін, тұтынушылар үшін тарифтердің ашықтығы мен әділдігін ескеретін амалдарды жетілдіру;

экономикалық қызметтің рұқсаттық жүйесін одан әрі ырықтандыру жөнінде шаралар қолдану, есептеме беру жүйесі мен рәсімін оңайлату;

кедейлікті азайту мәселелері бойынша мемлекеттік органдар мен мүдделі қоғамдық бірлестіктер арасында диалог жүргізу практикасын енгізу;

қоғамдық бірлестіктерді тарта отырып, кедейлікті азайту мәселелері жөнінде тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші комиссиялар құру;

қалаларда және басқа да елді мекендерде коммерциялық емес ұйымдар түрінде кедейлік проблемалары бойынша үйлестіру орталықтарын құруды ынталандыру;

бұқаралық ақпарат құралдарын, соның ішінде жеке бұқаралық ақпарат құралдарын

кедейлікті азайту мәселелері бойынша оң тәжірибені насихаттауға тарту;
мемлекет, ҮЕҰ және жеке құрылымдар тарапынан халықтың әлеуметтік осал топтарын әлеуметтік қолдаудың қазіргі нысандары туралы ақпарат тарату жөнінде белсенді ақпараттық-насихат жұмысын жүргізу қажет.

### 3.3.5.2. Үкіметтік емес ұйымдар мен кәсіби одақтар бірлестіктерінің кедейлік деңгейін төмендету жөніндегі қызметке қатысу шаралары

Үкіметтік емес ұйымдар мен кәсіби одақтардың кедейлік деңгейін төмендету жөніндегі қызметін жетілдіру мақсатында:
мұқтаж адамдардың нақты санының негізінде кедейлерді қолдауға бюджеттік қажеттіліктерді қалыптастыру кезінде ҮЕҰ-ың қатысуын қамтамасыз ету;
мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке қаражатты іске асыру кезінде ҮЕҰ көмегімен мониторинг жүйесін ұйымдастыру;
"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өңірлер әкімдері құратын учаскелік комиссиялардың құрамына міндетті түрде ҮЕҰ мен кәсіподақтардың өкілдерін енгізу;
кедейлікті азайту мәселелері бойынша нормативтік құқықтық кесімдер әзірлеу жөніндегі жұмыс топтарына қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін тарту;
үкіметтік емес жастар ұйымдарының қатысуымен білім беру сапасы саласында зерттеулер жүргізу;
батыс елдерінің тәжірибесі бойынша Қазақстанда әлеуметтік қызметкерлер институтын құру жөнінде шаралар жүйесін әзірлеу;
бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып, қызметкерлердің еңбек құқықтары және кәсіби одақтардың рөлі жөнінде пікір алысулар ұйымдастыру;
мектептерде жаңа нарықтық еңбек қатынастарына оқытудың жаңа бағдарламаларын әзірлеу, қолданыстағы бағдарламаларға өзгерістер енгізу;
"Әлеуметтік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының орындалуына бақылауды күшейту, кедейлікті еңсеру тетіктерінің бірі ретінде әлеуметтік әріптестіктің үш жақты комиссияларын пайдалану;
шағын несие беру саласында жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдардың шағын несие беру қызметінің оң тәжірибесін тарату қажет.

